

**Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты
Қылмыстарды ашу және тергеп-тексеруді криминалистикалық
қамтамасыз ету кафедрасы**

**Бекітемін
Академия бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор
полиция полковнигі**

З.С.Тоқыбаев

«_____» _____ 2016 ж.

5В030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

ТТЗ 3315 «Трасология және трасологиялық зерттеулер»
пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

Оқыту нысаны: күндізгі
Курс: 3
Семестр: 6
Кредиттер саны - 3
Дәрістер - 5
Тәжірибелік сабақтар – 40 сағат
КООЖ- 15
КӨЖ - 75
Емтихан

Қарағанды 2016

**5B030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған
ТТЗ 3315 «Трасология және трасологиялық зерттеулер» пәні бойынша
жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)**

Құрастырғандар: Қылмыстарды ашу және тергеп-тексеруді криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының профессоры, з.ғ.к. полиция полковнигі Еленюк Александр Григорьевич

Қылмыстарды ашу және тергеп-тексеруді криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының отырысында қаралды.

« ____ » _____ 2016 ж. № ____ хаттама.

Кафедра бастығы

А.Б.Жакулин

Академияның Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілді.

« ____ » _____ 2016 ж. № ____ хаттама.

© Қазақстан Республикасының ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2016 ж.

3.1 Негізгі ақпарат:

1. Мамандықтың шифры мен атауы	5B030300-«Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	3 курс, 6 семестр
3. Пән циклы	Трасология және трасологиялық зерттеулер
4. Кредиттер саны	3
5. Сабақты өткізу орыны	Дәріс залы, 319, 320, 323 оқу аудиториялары
6. Дәріс оқушы	Кафедра бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент Жакулин Асылбек Бейсембекұлы; кафедра профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Еленюк Александр Григорьевич. Кафедраның мекенжайы: Қазақстан Республикасының ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, № 323 кабинет Байланыс телефондары: 377; 30-33-88
7. Сабақты жүргізетін оқытушылар	Кафедра бастығы, з.ғ.к., доцент А.Б. Жакулин; Кафедра профессоры, з.ғ.к., А.Г. Еленюк Кафедра аға оқытушысы А.Ж. Жүнүсова; Кафедра аға оқытушысы Р.С. Булатов; Кафедра оқытушысы Қ.Т.Бұлқанов; Кафедра оқытушысы С.С.Шарипов; Кафедраның мекенжайы: Қазақстан Республикасының ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, № 323 кабинет Байланыс телефондары: 377; 30-33-88

3.2 Пререквизиттер: Осы курс басталмас бұрын курсанттарда базалық заң пәндерін оқып-үйрену процесінде алған жалпықұқықтық және теориялық білімдер болуы қажет.

3.3 Постреквизиттер: Осы пәнді оқығаннан кейін келесілерді зерделеу қажет:

«Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеп-тексерудің жеке криминалистикалық әдістемесі»;

«Қазақстан Республикасында қылмыспен күресудің қылмыстық-құқықтық мәселелері»

«Қылмыспен күресудің криминологиялық мәселелері»;

«Қылмыспен күресуде жедел-ізвестіру қызметінің негіздері».

3.4 Пәннің қысқаша сипаттамасы:

«Трасология және трасологиялық зерттеу» оқу пәні трасологиялық іздерді жедел-криминалистикалық зерттеуді теориялық - құқықтық,

ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз ету сұрақтарын зерделейді. Осы оқу пәні трасология және трасологиялық зерттеу саласында жоғары кәсіби мамандарды дайындауды қамтамасыз етеді және маман-криминалистерді даярлауды қамтамасыз ететін пәндер мен арнайы курстар жүйесінің құрамды бөлігі болып табылады.

Пәнді оқытудың мақсаты – білім алушылардың бойында кешенді теориялық білім негізінде, зерттеулер жүргізу барысында трасологиялық іздер мен материалдық объектілерді табу, бекіту, алу және зерттеудің әдістері мен тәсілдері, криминалистикалық құралдарды қолдана білу бойынша тәжірибелік іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру.

Пәнді оқытудың міндеттері:

- трасология және трасологиялық зерттеулердің түсінігі, заты және жүйесі; трасологиялық зерттеулер шешетін міндеттер; трасологиялық зерттеулер объектілерін жедел-криминалистикалық зерттеу әдістемесінің ережелері; маманның қорытындысының құрылымы мен мазмұны; зерттеулер нәтижесін ресімдеу тәртібі туралы білім алу;

- білім алушылардың бойында жүйелік және салыстырмалы талдау жасай білуді; өнімді де сындарлы ойлау нысанын; өз қызметін рефлексиялай білуді дамытуды; маман-криминалист кәсіби саласында өзін үздіксіз дамыту қабілетін қалыптастыру және дамыту;

- білім алушылардың бойында тұлғааралық коммуникация қабілетін, зерттеулер жүргізу барысында командада жұмыс жасай білуді қалыптастыру;

- білім алушылардың бойында трасологиялық зерттеу жүргізе білуді; зерттеулер жүргізу барысында идентификациялық, классификациялық, диагностикалық және ситуалогиялық міндеттерді шеше білуді қалыптастыру.

Тәрбиелік міндеттер: келесілерді үйренуге бағытталған:

Қылмыстарды ашу және тергеп-тексеруді қамтамасыз ету барысында заңдылық, әлеуметтік ақиқат пен рухани тазалық қағидаларының маңызын терең ұғына білу.

Қылмыстардың жолын кесу, оларды ашу және тергеп-тексеру тәжірибесі үшін криминалистикалық білімдерді, әдістер мен құралдардың ролін түсіне білу.

Әрбір білім алушының біліктілікті арттыру және өздігінен білім алу арқылы өз кәсіби деңгейін ұдайы арттырып отыру қажеттілігін түсінуі.

Оқытудың нәтижесі:

Оқу пәнін оқыту нәтижесінде курсант келесілерді **білуі тиіс:**

- трасологиялық іздердің пайда болу механизмі мен жіктелуін;
- оқиға болған жерде трасологиялық іздерді табу, бекіту және алуды;
- трасологиялық зерттеулердің жалпы және жеке әдістемесін;
- Келесі іздердің жалпы және жеке белгілері: аяқкиім, көлік құралдары; тіс, киім, сындыру құралдары мен аспаптары; құлыптар мен бекіту-пломбалық құрылғыларды майыстыру және бұзу; көп мөлшерде дайындалатын бұйымдардағы өндірістік механизмдер;

- кылмыстардың іздерін жасыру тәсілдері мен оларды анықтаудың криминалистикалық әдістері;

Келесілерді жасай білуі тиіс:

- трасологиялық іздердегі жалпы және жеке белгілерді анықтау, олардың идентификациялық маңызын бағалау;

- трасологиялық іздерді табу, бекіту және алу;

- іздердің пайда болу механизмі мен жағдайларын диагностикалау, іздердің болған оқиғаға қатысын барлығын анықтау;

- әртүрлі объектілерді олардың із бейнелері бойынша топқа жататындығын анықтау және идентификациялау;

- із қалдырған объектінің қасиеті мен белгілерін анықтау;

- іздің қалдырылуы кезіндегі мән-жайларды анықтау;

- трасологиялық зерттеу жүргізудің әдістемесін қолдану;

Келесілерді меңгеруі қажет:

- трасологиялық іздерді табу, бекіту және алу дағдыларын;

- трасологиялық зерттеу бойынша маманның қорытындысын ресімдеу дағдыларын.

3.5 Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Тапсырманың мақсаты мен мазмұны	Ұсынылатын әдебиет тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Баллдар (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Тәжірибелік сабақтарда ауызша жауап беру	Сабақ жоспарларына сәйкес	Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиетті қолдану	Ағымдағы бақылау (сабақтағы ауызша жауап пен жасалған жұмыс бағаланады)	Сабақтың барлық тақырыптарына ауызша жауап бойынша 30 баллға дейін	Жауап сабақ барысында журналда бағаланады	Сабақ кестесі мен оқу жоспарына сәйкес, сабақта бағаланады
2	Ауызша жауап, баяндама жасау, БОБӨЖ	БОБӨЖ сабағы жоспарларына сәйкес	Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиетті қолдану	Ағымдағы бақылау (БОБӨЖ сабағында ауызша жауап пен жасалған жұмыс бағаланады)	Сабақтың әрбір тақырыбына ауызша жауап бойынша 10 баллға дейін	Жауап сабақ барысында журналда бағаланады	Сабақ кестесі мен оқу жоспарына сәйкес, БОБӨЖ сабағында
3	Межелік бақылауға дайындық	Тест сұрақтары	Семестр ішінде дайындық	Аралық бақылау	10 баллға дейін	Жауап ведомоста бағаланады	Оқу жоспарына

						ы	сәйкес
4	Емтиханға дайындық	Емтихан сұрақтары	Оқытудың барлық мерзіміндегі дайындық	Қорытынды бақылау	50 баллға дейін	Жауап ведомоста бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес

3.6 Курстың саясаты

«Трасология және трасологиялық зерттеулер» пәнін зерделеу кезінде келесідей ережелердің сақталуын сұраймыз:

1. Сабаққа кешікпеу.
2. Сабақты орынсыз себептермен жіберіп алмау, сырқаттанған жағдайда тиісті медициналық анықтама, ал басқа жағдайларда — түсініктеме жазба ұсынылуы тиіс.
3. Өтемдер қабылданбайды, магистрант жоспарланған сабақтарда жіберіп алған тақырыптар бойынша немесе бұрын дайын болмаған тапсырмалар бойынша кез келген сұраққа жауап беруге дайын болу.
4. Тапсырмаларды орындау, ұсынылатын әдебиетпен міндетті түрде танысу және конспектілеу.
5. Сабақ үстінде сөйлеспеу, ұялы телефондарды сөндіру.
6. Оқу процесіне белсенді қатысу.
7. Курстастары мен оқытушыларға ашық мінезді болу, кең пейілділік, шыдамдылық таныту.

3.7 Ұсынылатын әдебиет тізімі

№	Атауы	Шығарылған жылы
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1.	Қазақстан Республикасының Конституциясы	Қазіргі уақытта қолданыстағы
2.	Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі	Қазіргі уақытта қолданыстағы
3.	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі.	Қазіргі уақытта қолданыстағы
4.	ҚР ПМ № 75 «Ішкі істер органдарында жедел-криминалистикалық қызметті жүргізу Ережелерін бекіту туралы» бұйрығы	21 шілде 2014 жыл.
5.	«Қарудың жеке түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы» ҚР Заңы	30 желтоқсан 1998 жыл. № 339
6.	«Қазақстан-2050» Стратегиясы.	Қазақстан халқына жолдау. 14 желтоқсан 2012 жыл.
2. Негізгі әдебиет		
7.	Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г. и др. Криминалистика.	Норма - 2007, 944 с.
8.	Аверьянова Т.В. Судебная экспертиза: Курс общей теории.	М.: Норма, 2006.
9.	Криминалистика. Учебник. Под ред. профессора Н. П. Яблокова. 2-издание	М., ЮРИСТЪ 2000 г. – 718 с.

	переработанное и дополненное.	
10.	Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нурғалиев.	Караганда: Болашак-Баспа, 2009. – 813 с.
11.	Алесковский, С. Ю. Нетрадиционная криминалистика: Учебное пособие / С.Ю. Алесковский, А.Ф. Аубакиров.	Алматы: 2003.-210с.
12.	Гинзбург А.Л., Поврезнюк Г.И., Салаев Б.А. Криминалистические методы и средства отождествления личности.	Алматы, 1998 г.
13.	А.Ф.Аубакиров, С.Коваленко Криминалистическая цифровая фотография.	Алматы, 2001 г.
14.	Белкин Р.С. Криминалистика: проблемы, тенденции, перспективы. Общая и частные теории.	М., «Юрид. лит.», 1987. – 271с.
15.	Белкин Р.С. Криминалистика: проблемы, тенденции, перспективы. От теории к практике.	М.: Юрид. лит., 1988. – 304с.
16.	Белкин Р.С. Криминалистическая энциклопедия.	2-е изд. доп. – М.: Мегатрон ХХ1, 2000. – 334с.
17.	Белкин Р.С. Криминалистический букварь.	М.: Юристь, 1997. – 112с.
18.	Бедрин В.С. Компьютерные технологии в организации профессиональной деятельности эксперта-криминалиста.	Волгогр. акад. - Волгоград: ВА МВД России, 2004. - 20 с.
19.	Бондаренко А.А. Современные технологии фиксации следов на месте совершения дорожно-транспортного происшествия.	Всероссийская науч.-практ. конф. "Современные проблемы борьбы с преступностью": сб. материалов (юрид. науки). – Воронеж: Изд-во Воронеж. ин-та МВД России, 2005. - С. 10-11.
20.	В.Д. Ларичев, Б.С. Болотский, А.Р. Гильмутдинов и другие. «Фальшивые деньги».	М. – 2002 г.
21.	Шарипов С.Р., Жунусова А.Ж. Криминалистика: справочное пособие по криминалистической технике.	Карагандинская академия МВД РК им.Б.Бейсенова,2014.-137с.
22.	Шакенов А.О., Шарипов С.Р., Еленюк А.Г., Жунусова А.Ж. Справочник следователя.	Караганда, 2015. — 379 с.
3. Қосымша әдебиет		
23.	Брушковский К.Б., Дильбарханова Ж.Р. и др. Криминалистическое оружиеведение: исследование огнестрельного оружия.	Алматы, 2004. – 281с.
24.	Захарин С.И. Информационное обеспечение расследования и деятельности по установлению разыскиваемых лиц, предметов и орудий преступления с помощью компьютерных технологий: учеб. Пособие.	Волгогр. акад. - Волгоград, 2005. - 90 с.
25.	Полещук, О.В. Анализ использования АДИС «Папилон» при расследовании преступлений / О.В. Полещук // Дальневосточные криминалистические чтения. Вып. 9: Сб. науч. тр/ Отв. Ред. В.В. Яровенко.	Владивосток: Изд-во Дальневост. ун-та, 2004.

26.	Подволоцкий И.Н. Осмотр и предварительное исследование документов.	М. ЮРЛИТИНФОРМ 2004
27.	Порубов Н.И., Грамович Г.И., Порубов А.Н. Криминалистика.	Высшая школа (Минск) - 2007, 575 с.
28.	Практическое руководство по методам идентификации огнестрельного оружия.	Алматы-2005 г. - 187с.
29.	Ручкин В.А. Оружие и следы его применения. Криминалистическое учение.	Москва издательство «Юрлитформ», 2003 г. - 353с.
30.	Беляев Г.А., Калашников А.Н. Методы технико-криминалистического исследования документов.	Волгоград, 1987г.
31.	Морозов Б.Н. Использование криминалистической фотографии при расследовании преступлений.	Ташкент 1990 г.
32.	Аубакирова, А. Фиксация доказательств в криминалистике и судопроизводстве: Учебное пособие / А.Аубакирова; Под ред. А.Ф.Аубакирова.	Алматы, 2000.-198с.
33.	Аханов В.С. Криминалистическая экспертиза огнестрельного оружия.	Волгоград, 1979г.
4. Интернет-источники		
34.	http://adilet.zan.kz/rus - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	
35.	http://web.kzi.kz/index.php/ru/ob-akademii Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы ҚА -КА МВД РК им.Баримбека Бейсенова	
36.	www.mvd.kz – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	
37.	http://prokuror.kz – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы	
38.	http://pravstat.prokuror.kz/ - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика комитеті	
39.	www.zakon.kz – Қазақстан Республикасының Заңы	
40.	http://stat.kz – Қазақстан Республикасының статистика Агенттігі	
41.	http://prg.kz/ - «Параграф» Ақпараттық жүйесі	

3.8 Пән бойынша сабақтарды жүргізудің тақырыптық жоспары

Р/е №	Тақырып нөмірі	Тақырып атауы	Кредиттер (сағаттар) саны	Аудиториялық сағаттар			КОБ ӨЖ	КӨ Ж
				дәрістер	Семинарлық сабақтар	Практикалық сабақтар		
	1	Трасологиялық зерттеудің түсінігі және оның түрлері		1			1	5

2	Трасологиялық идентификациялау мен диагностикалаудың негіздері	1		1	5
3	Аяқкіім іздерін зерттеу	1		5	2
4	Сындыру құралдарының іздерін зерттеу			5	2
5	Құлыптарды зерттеу			4	1
6	Пломбаларды, бекіту-пломбалық және сигналдық құрылғыларды зерттеу			2	1
7	Бөліктері арқылы бүтінді анықтауды зерттеу	1		4	1
8	Көліктік-трасологиялық зерттеу	1		4	1
9	Киім іздерін зерттеу			3	1
10	Киімдегі зақымдануларды зерттеу			4	1
11	Адамның тістерінің іздерін зерттеу			3	1
12	Өндірістік механизмдердің іздерін зерттеу			3	1
13	Жойылған, өзгертілген және жартылай өзгертілген металл және басқа да беткейлердегі маркалық белгілерді зерттеу			3	1
БАРЛЫҒЫ		3 кр	5	40	15

3.9 Сабақ жоспарлары

Дәріс сабақтары

№ 1 тақырып. Трасологиялық зерттеудің түсінігі және оның түрлері

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Сот трасологиясының заты, объектілері мен міндеттері.
2. Трасологияның методологиялық функциясы.
3. Трасология бөлімдері және әдістер жүйесі.

Дәріс тезистері

Трасология – іздер туралы ілім (француз тілінде «trase» – із, және грек тілінде «logos» – үйрену, сөз). Криминалистиканың саласы бола тұра, бұл жаратылыстану және техникалық ғылымдармен үнемі қарым-қатынаста және тығыз байланыста болады.

Трасологияның пайда болуы ертеректе, яғни із кесушілер мен іздеушілердің ерекше топтары құрыла бастаған сәттен бастап, Ежелгі Үнді мемлекетінде басталды. Бұл топ «кхойя» деп аталды. «Іздерді оқу» өнеріне жауынгерлер мен аңшыларды үйретті. Бұл дағдылар ХІХ ғасырдың аяғында ХХ ғасырдың басында әскерлерде, әсіресе шекаралық әскери бөліністерде дамыды және қолданылды.

Трасология – криминалистік техниканың жеке саласы ретінде 20-ғасырдың басында құрылды. Алғашқы рет «трасология» терминін профессор М.Н.Гернет 1936 жылы пайдаланды, ал 1938 жылы профессор И.Н.Якимов алғашқы рет іздер туралы бөлімді «трасология» деп атауды ұсынды.

Трасология – бұл ізтанудың теориялық негіздерін, қылмыстың механизмін айқындайтын іздердің пайда болу заңдылықтарын зерделейтін,

қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және олардың алдын алуда елеулі маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында іздерді табудың, оларды бекітудің, алудың және талдау жүргізудің әдістері мен құралдары жөніндегі ұсынымдарды жасап шығаратын криминалистикалық техниканың саласы.

Трасологияның мақсаты болып келесілер табылады:

- қалдырылған іздер бойынша объектілердің тектілігі (топтылығы) тиістілігін анықтау;
- объектілерді олардың іздері және бөлшектелген бөліктері бойынша анықтау;
- іздердің пайда болу механизмі.

Криминалистік техниканың саласы ретіндегі трасологияның міндеттері:

- қылмыстарды тергеп-тексеруде трасологиялық іздерді қолданудың теориялық негіздерін жасап шығару;
- іздерді табу, бекіту және алудың ғылыми-техникалық құралдары мен әдістерін жасап шығару;
- іздерді зерттеудің құралдары мен әдістерін жасап шығару.

Трасологиялық сараптамалардың түрлеріне байланысты идентификациялық міндеттер - іздерін қалдырған адамдарды, құралдарды, механизмдер мен жануарларды теңдестіруді анықтауға, сондай-ақ бөлшектері бойынша бүтінді теңдестіруді анықтауға бағытталған.

Диагностикалық міндеттер іздерді табуға және бекітуге; олардың идентификация үшін жарамдылығын анықтауға; іздердің пайда болуына әкеп соқтырған әсер ету механизмі (сындыру бағыты, көлік құралдарының өзара орналасауы мен соқтығысу орны, пломбаны бұзып-ашу тәсілі және т.с.с.) мен уақытын анықтауға; іздердің пайда болуының кезектілігін, зерттелетін объектінің қасиеттерін (мысалы, құлыптың бүтін болуы және т.с.с.) анықтауға бағытталған.

Жіктемелік (классификациялық) міндеттер объектінің белгілі бір классқа, топқа, текке жататындығы туралы сұрақтарды шешуді пайымдайды:

- аяқкиімнің белгілі бер стандартты классқа жатқызылуы;
- қалдырылған іздер бойынша құралдың типін анықтау;
- табылған іздер немесе детальдар және т.б. бойынша көлік құралының түрін анықтау;

Трасология криминалистика және сот сараптамасы бірқатар бөлімдерінің көптеген методологияларын анықтайды.

Зерттеулерде трасологияның жалпы тәсілдемесі мен әдістерін қолдану жөнінде айта келе келесідей бағыттарды бөлуге болады:

- криминалистикалық зерттеулердің дәстүрлі түрлеріндегі (баллистика, құжаттану, жарылғыш техника) трасологияның теориялық негіздері мен әдістерін қолдану;
- трасологияның кейбір теориялық негіздері мен әдістерін материалтану, сот-биологиялық және өзге де зерттеулердегідей қолдану.

Трасологияда жалпы (теориялық) және ерекше бөліктерді айырады.

Жалпы бөлік өзіне іздер, трасологиялық идентификация және диагностика, микротрасология және трасологиялық зерттеулер туралы оқып-үйренуді кіргізеді.

Ерекше бөлік бес топтан тұрады:

- адамның іздері (гомеоскопия);
- құралдар мен механизмдердің (механоскопия) іздері;
- көлік құралдарының іздері;
- микрообъектілер мен олардың іздері;
- жануарлардың іздері.

Қазіргі уақытта криминалистикада басқа да ғылымдардағыдай жалпыфилософиялық және ғылымтану жіктемесіне негізделген келесідей әдістерінің құрылымы қабылданған:

1. Диалектикалық әдіс – бұл өзіне диалектикалық (философиялық) логиканың санаттары мен заңдарын және танымның формальдық логикалық әдістерін кіргізетін ғылымның жалпыға бірдей әдісі.

2. Жалпы (жылпығылымы) әдістер.

3. Басқа ғылымдардан алынған және криминалистиканың міндеттері үшін творчестволық бейімделуді кіргізетін криминалистиканың арнайы әдістері.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15 (3.7 бөлім).

№ 2 тақырып. Трасологиялық идентификация мен диагностиканың негіздері

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Трасологиялық диагностиканың негіздері.
2. Трасологиялық идентификацияның негіздері.

Дәріс тезистері

Қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде іздер мен басқа да бейнелер бойынша адамның, заттың, басқа да объектінің тергеп-тексеріліп отырған оқиғамен байланысын анықтауға жеткілікті туындайды. Мәселен, қол және аяқ іздері бойынша оқиға орын алған жерде болған адамды анықтайды; көлік іздері бойынша бой тасалап қашып кеткен автомобильді іздестіреді.

Барлық келтірілген және де соған ұқсас жағдайларда оқиға орнында қалдырылған бейнелер бойынша нақты объектіні анықтау (идентификациялау) басты мәселе болып табылады. Бұл кезде екі бірдей түсінік, яғни объект және бейне кең мағынада талқыланады. Объект ретінде адамды, оның киімдері мен аяқкиімінің заттары, қылмыстың құралы, көлік құралдары, аспаптар және тағы басқалар түсіндіріледі. Бейне ретінде әртүрлі іздер, құжаттар, фотобейнелер, объект бөліктері табылады. Объектіні идентификациялау – бұл соның қалдырған бейнелері бойынша оның өз-өзінің теңдестірілуін анықтау.

Объектінің ұқсастығы немесе теңдестірілуі бірінші кезекте оның қайталанбайтындығын, жекелігін, оның өзіне ұқсас объектілерден айырмашылығын білдіреді. Класстар, тексері, түрлері және сол сияқты

белгілері бойынша бірігетін бір-біріне ұқсас объектілер туралы айтуға болады, алайда бүтіндей және толық сәйкес келетін екі объектінің теңдестігінің болуы мүмкін емес. Әрбір объект жеке болады, яғни өзіне ұқсас, сәйкес объектілерден ерекшеленеді.

Алғаш рет криминалистік идентификацияның теориясын 1940 жылы С.М.Потапов құрастырған.

Идентификация теориясы өзіне идентификациялық белгілердің түсінігі мен олардың диалектикалық қасиеттерінің түсініктері, идентификациялық белгілерді салыстырмалы зерттеу, оларды бағалау және тағы басқалар туралы ілімді кіргізеді.

Криминалистикалық идентификация – бұл тергеп-тексеріліп жатқан оқиғамен байланысты нақты бір материалдық объектіні басқа объектілердің жиындығынан шыға отырып, қайталанбас (жеке) белгілерінің кешені бойынша анықтау.

Объектіні салыстырмалы зерттеу нәтижелері мен оның бейнелерін бағалау кезінде олардың табиғи айырмашылықтарына, сапалық және сандық көрінісіне байланысты мүмкін болатын үш қорытындының біреуіне келуге болады:

- а) теңдестірілуінің болуы туралы;
- б) оның жоқ болуы туралы;
- в) теңдестіру міндеттерін шешудің мүмкін болмауы туралы.

Идентификация процесі кезінде барлық объектілер екі топқа бөлінеді – идентификацияланатын және идентификациялайтын. Бұл кезде идентификацияланатын объект – бұл өзіне қатысты теңдестіру жөніндегі сұрақ шешілетін объект әрқашан да біреу ғана, ал идентификациялайтын объектілер саны бірнеше болуы мүмкін. Идентификациялайтын объект деп – идентификацияланатын объектінің қасиеттерін тасымалдаушы, бірақ өзі идентификациялауға жатпайтын объект аталады. Идентификацияланатын объект көп жағдайда - із қалдырушы, ал идентификациялайтын объект – із қабылдаушы болып табылады.

Объектілердің теңдестірілуін анықтаумен қатар криминалистік идентификацияда объектінің белгілі бір топқа жататындығын, яғни оның кейбір көптеген біртектес объектілерге тиістілігін анықтау кеңінен таралған. Бұл кезде біртектес ретінде өздерінің әртүрлі болуына қарамастан бір және сол ғана топтық қасиеті белгілерінің жиынтығы бар объектілерді түсінеді (мысалы, бір мақсатта пайдаланылатын, бір нысандағы, өлшемдердегі және т.б. арналған балталар). Бұл тегі, түрі деңгейіндегі топ.

Криминалистикада белгілі бір топқа жататындықты анықтау екі мағынада қарастырылады:

1. Идентификация процесінің 1-ші сатысы ретінде.
2. Класстарын, тектерін, түрлерін анықтау мақсатындағы өздігінен жіктелік (классификациялық) зерттеу ретінде.

XX ғ. 70-жылдарына дейін криминалистикалық және кейбір басқа да сараптамалар шешуге жататын сараптамалық сұрақтарға байланысты идентификациялық және идентификациялық емес болып бөлінді.

1972 ж. В.А.Снетков идентификациялық емес зерттеулерді диагностикалық деп атауды ұсынып, «криминалистік диагностика» түсінігін құрастырды, яғни бұл түсінікті ол «криминалистік объектілерді олардың белгілері бойынша тану заңдылығы туралы ілім» деп пайымдады.

Криминалистік диагностика- бұл объектінің күйін тану, оқиғаны, құбылысты, процесті білу. Мәселен, аяқ іздері бойынша тек адамды идентификациялап қана қоймастан, сонымен қатар оның қозғалу бағыты, шамаланған жылдамдығы, ауыр затты тасымалдау фактісі туралы, қараңғыда қозғалуы туралы, адамның дене бітімі (физикалық) күйі туралы пайымдауға болады. Сындыру іздері бойынша тек қана қолданылған құралды ғана түсініп қоймастан, сонымен қатар сындыру тәсілі, адамның дағдылары, оның дене бітімінің (физикалық) күші, сындыру барысына жұмсалған уақыты және тағы басқалар туралы пайымдауға болады.

«Диагностика» сөзі (латынша) «тану», «айыру», «анықтау» ретінде аударылады. Синоним болып табылмайтын осы терминдердің әрқайсысы диагностикалаудың күрделі процесінің аспектілерінің бірін сипаттауға қабілетті болады.

Трасологиялық диагностиканың заты болып келесілер табылады: диагностикалық қасиеттерін, олардың іздердегі бейнелерінің ерекшеліктерін зерделеу, жасалған қылмыс оқиғасына қатысты ситуативтік байланысын анықтау – диагностикалық міндеттердің құрылымы мен оларды шешудің тәсілдерін зерделеу.

Диагностикалық міндеттер қасиеттер мен жағдайлардың үш санатын зерделеуге қатысты болады:

- ішкі (объектінің қасиеті мен күйі);
- сыртқы, ахуалды (объектілердің уақыты, орны, функциясы);
- процестің пайда болу және өту механизмі (объектілердің өзара әрекеттесуі және тағы басқалар).

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15,16,17 (3.7 бөлім).

№ 3 тақырып. Аяқкиім іздерін зерттеу

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Аяқкиім іздерінің заты, объектілері мен міндеттері.
2. Аяқкиім іздерінің түрлері және оларды оқиға болған жерде табу.
3. Аяқкиімнің жіктелуі (классификациясы).

Дәріс тезистері

Аяқкиім іздерін зерттеудің заты болып адамның киген аяқкиімін идентификациялаумен байланысты фактілік мән-жайларды, соның ішінде қылмыстың жасалуының белгілі бір мән-жайларын анықтау табылады.

Негізгі идентификациялық міндеттерге келесідей анықтама жатады: оқиға орнында табылған аяқкиімнің ізі күдіктіден алынған аяқкиімнен қалдырылған ба.

Диагностикалық міндеттер өзіне - із қалдырған объектілердің қасиетін анықтауды кіргізеді: аяқкиімнің түрі мен өлшемін анықтау; із қалдырған адамның физикалық қасиеттерін: жынысы, бойы, жүрісінің ерекшеліктері және басқаларды анықтау.

Аяқкиімнің трасологиялық іздерін зерттеудің объектілері болып келесілер табылады:

- қандай да бір заттардың үстінде бейнеленген аяқкиімнің жапсырмалы іздері немесе ізді көшіру пленкасына көшірілген іздер;
- гипстің, полимерлік немесе силикондық паста және тағы басқалардың көмегімен дайындалған аяқкиімнің көлемді іздерінің қалыбы;
- сот фотографиясының ережелерін сақтау арқылы түсірілген іздердің фотобейнелері (фототүсірілімі);
- іздердің табылу уақыты мен жағдайлары, оларды бекіту тәсілдері мен оқиғаның жасалу механизмі туралы мәліметтер бар қылмыстық істің материалдары;

Идентификациялық зерттеу жүргізу үшін салыстырмалы материалдар-үлгілер ұсынылуы тиіс. Оларға келесілер жатады:

- күдіктінің оқиға болған жерде киноі мүмкін аяқкиімі. Егер де маманға аяқкиімді белгілі бір адамның кигені жөнінде сұрақ қойылатын болса, онда зерттеуге үлгі ретінде түрі мен фасоны ұқсас болатын, тиістілігі анықталып отырған сол адамнан алынған аяқкиім жолданады.
- зерттеудің объектісі ретінде іздердің жолы табылатын болса, онда күдіктінің іздерінің екі-үш экспериментальдық жолы. Іздердің экспериментальдық жолын алу кезінде күдікті типографиялық бояудың жұқа қабаты жағылған қабатты басады, немесе бояуды оның аяғының немесе аяқкиімінің табанына валиктың көмегімен жағып, оған қағаз лентаның бойымен жүріп-өтуіне ұсыныс жасайды. Егер де үлгілерді алу тергеушіге қиындық тудыратын болса, онда ол маман-криминалистің көмегіне жүгіне алады.

Оқиға болған орында табылған аяқкиімнің іздері келесілерді пайымдауға мүмкіндік береді:

- із қалдырған адамның жекебасы туралы (жынысы, бойы, шамаланған жас мөлшері);
- оның дене бітімінің (физикалық) күйі туралы (шектен тыс толықтылық, шаршауы, ақсандауы, мас күйде болуы және тағы сол сияқтылар);
- қозғалу манерасы туралы (сыртқы және ішкі жиегіне тіреу арқылы жүктемені аяқкиімнің табанына теңдей бөлу және тағы басқалар);
- аяқкиім туралы: оның түрі, фасоны, өлшемі, өкше өлшеміне және тозу сипатына сәйкес келуі (өкшенің сырты, артқы кесіндісі немесе орта бөлігінің қажалуы);

- қылмыстың мән-жайлары мен сипаты туралы: жасалған қылмысқа қатысқан адамдар саны, олардың қозғалуының бағыты мен кезектілігі, ену жолдары және тағы басқалар.

Аяқкиімнің іздері көрінетін және көрінбейтін, қабатты және көлемді болуы мүмкін.

Аяқкиімнің қабатты іздерін – ізді қабылдау қабатына байланысты қабатталған-іздерге, қабат алған іздерге, нашар көрінетін және көрінбейтін іздерге бөлуге болады.

Қабатталған-іздер – бұл нәрсенің аяқкиімнің табанынан із қабылдаушы қабатқа көшуі нәтижесінде пайда болады.

Осыған сәйкес, қабат алған-іздер – бұл нәрсенің із қабылдаушы қабаттан із пайда болатын объектіге көшуі нәтижесінде пайда болады (дымқыл топырақты, қара топырақты және басқа сол секілді жерлермен жүру).

Нашар көрінетін іздер із пайда болатын заттың жеткіліксіз санында немесе із қабылдаушы қабатқа қатысты оның әлсіз контрасттылығында қалыптасады.

Көрінбейтін іздер контрасттылық емес іздік заттардың аз санымен жанасқанда немесе жалпы таза қабаттардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болады.

Қолданыстағы мемлекеттік стандарттарға сәйкес келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Аяқкиім – «аяқты сыртқы әсер етушіліктен сақтауға, сонымен қатар утилитарлық және эстетикалық функцияларды атқаруға арналған бұйым».

Аяқкиім өлшемі – «табанның миллиметрлік ұзындығы».

Аяқкиімнің толықтылығы – «аяқкиім байламының ішкі нысаны қапсырмасының шартты белгісі».

Аяқкиімнің түрі – «аяқкиімнің жоғарғы детальдарымен аяқты жабу дәрежесімен айқындалатын аяқкиім жіктемесінің конструктивтік белгісі».

Аяқкиімнің артикулы – «технологиясының негізгі белгілерінен, конструкциядан, қолданылатын материалдардан тұратын аяқкиімнің қысқаша шартты сипаты. Бұйымның мақсатын анықтайды және сандармен белгіленуі мүмкін».

Аяқкиімнің моделі – «аяқкиімнің материалы мен сыртқы ресімделуі, жеке конструкциясының белгілері тән нақты бұйым».

Аяқкиімнің жіктемесі (классификациясы) әртүрлі негіздер бойынша жүргізілуі мүмкін:

1. Өндірілу тәсілі бойынша
2. Мақсаты бойынша
3. Жоғарғы детальдарының материалы бойынша
4. Табанына қолданылатын материал бойынша
5. Төменгі детальдарының жоғарғы қалыпқа бекітілу әдісі бойынша
6. Жоғарғы қалыбының биіктігі бойынша
7. Жоғарғы және төменгі қалыптарының конструкциясы бойынша

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15,16,17,19,32 (3.7 бөлім).

№ 7 тақырып. Бөлшектері бойынша бүтінді анықтауды зерттеу

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Трасологияда бүтіннің түсінігі және оның түрлері.
2. Бүтінді бөлшектері арқылы анықтау бойынша зерттеу жүргізу кезіндегі идентификацияның ғылыми негіздері.
3. Бүтінді бөлшектері арқылы анықтау бойынша трасологиялық зерттеу жүргізудің әдістемесі.
4. Бүтінді бөлшектері арқылы анықтау бойынша объектілердің көп тараған түрлеріне зерттеу жүргізудің ерекшеліктері.

Дәріс тезистері

Бүтінді бөлшектері арқылы анықтаудың қажеттілігі - тікелей оқиға болған жерде қандай да бір заттың бөліктері (мысалы, автомобиль фарының сынықтары, жыртылған киім матасының немесе құжат қағазының және тағы басқалардың фрагменттері), ал басқа бөліктері – оқиға болған жерден тыс жерде (мысалы, күдіктіден) табылған жағдайларда туындайды.

Криминалистикалық зерттеуде «бүтін» түсінігі шешуге жататын сұрақтарды ескере отырып, әртүрлі мағынада талқыланауы мүмкін. Бір жағдайларда объект бөлік ретінде, ал басқа жағдайда – бүтін ретінде болуы мүмкін.

«Бүтін», «Басы бүтін» - бұл өзара әрекеттесуі өзінің бөлшектеріне тән емес жаңа интегративтік қасиеттері бар екендігін негіздейтін объектілер жиынтығының жүйесі ретінде түсіндіріледі.

Бүтінге қатысты келесідей сипаттамалар анықталған:

1. Бүтінде аралары өзара байланысты компоненттердің белгілі бір саны бар құрам болады. Мұндай өзара байланыс пен ұйымдастыру - бүтіннің құрылымын көрсетеді.
2. Бүтіннің бөліктері өзара, ал бүтін – бөліктермен және басқа да жүйелермен әрекеттеседі.
3. Кез келген басы бүтіндік жүйеге өзара әрекеттесудің жеке функциялары, қасиеттері мен әдістері тән. Бір басы бүтіндік жүйе осындай ерекшеліктерімен басқасынан айрықшалаанады.

«Бүтіннің» үш түрін айырады:

1. Біртекті (монолиттік) заттар. Мысалы, пышақтың сұқпасы, фардың шынысы, лом.
2. Өзара қосылған детальдардан тұратын құрамды заттар, мысалы, тапанша, құлып, велосипед, жазу машинкасы.
3. Кешенді бүтін – бұл физикалық қосылу арқылы біріктірілмеген, керісінше бірлесе пайдалану немесе сақтау арқылы біріктірілген біртекті немесе құрамды заттардың жиынтығы: аяқкиім жұбы, сіріңке қорабы, папирос қорабы, пышақ және қын, футляр мен көзілдірік және тағы сол сияқтылар.

Заттардың кешені олардың бірге болуы мен бір уақытта қолданылуын пайымдайды.

Идентификациялау үшін бүтін бөлшектерінің бір және соның ғана себебі нәтижесінде бір уақытта пайда болатын белгілерді қолданады.

Осындай белгілердің екі тобын бөлуге болады:

1. Объектіні бөлшектегенге дейін пайда болған (дайындау, пайдалану және сақтау);
2. Затты бөліктерге бөлшектеу сәтінде пайда болатын (бүтінді бөлшектеу нәтижесінде пайда болған бөлшектің линиясы мен жазықтық рельефінің ерекшелігінің конфигурациясы).

Егер де зерттеу жүргізуге біртекті заттар жолданған болса, онда маманға келесідей сұрақтар қойылады:

1. Жол-көлік оқиғасы болған жерден табылған шыны сынықтары белгілі бір автомашина фарының сейілткіші болып табыла ма?
2. Оқиға болған жерден табылған жаңқа белгілі бір автомашина бортынан қабат алған ба?
3. Күдіктіден алынған пішім мен ұсынылған тері тілімі бір бүтіннің бөліктері болып табыла ма?
4. Оқиға орнында қалдырылған мата қиындысы (лоскут) күдіктіден алынған мата кесіндісінің бөлігі болып табыла ма?
5. К.-дан алынған газет пен оқиға орнынан алынған газет фрагменті бұрынырақта бір бүтінді құраған ба?

Құрамды заттарға жататын объектілерді зерттеуге жолдаған кезде келесідей сұрақтар қойылады:

1. Күдіктіден алынған Макаров тапаншасы мен оқиға орнынан алынған шаппа ілгегі (спусковой крючок) бұрынырақта бір бүтінді құраған ба?
2. Күдіктіден алынған автомобиль есігінің құлпы мен белгілі бір автомашинаның есігі бұрынырақта бір бүтінді құраған ба?

Кешенді бүтінге жататын объектілерді зерттеу кезінде маманның шешетін сұрақтары келесідей құрылады:

1. Күдіктіден алынған пышақ пен оқиға болған жерде табылған қын бұрынырақта бір бүтінді құраған ба?
2. Күдікті тұлғадан алынған қонышсыз бәтеңке оқиға болған жерде табылған кебістерді киген бе?

Қарастырылып отырған трасологиялық зерттеуді жүргізу әдістемесі бірізділікпен жүргізілетін төрт сатыны (кезеңді) кіргізеді:

1. Алдын ала зерттеу.
2. Екі кезеңнен тұратын детальдық зерттеу:
 - а) бөлек зерттеу;
 - б) салыстырмалы зерттеу.
3. Зерттеу нәтижелерін бағалау және тұжырымдар құру.
4. Зерттеу нәтижелерін ресімдеу.

Әртүрлі материалдардан жасалған және бөлшектелген заттардың бөліктеріне трасологиялық зерттеу жүргізудің өзіндік ерекшеліктері бар.

Сондықтан осы ерекшеліктерді нақты мысалдар арқылы егжей-тегжейлі қарастырған дұрыс.

Қағаздан жасалған заттардың бөліктерін зерттеу
Ағаштан жасалған заттардың бөліктерін зерттеу ерекшеліктері
Шыныдан жасалған заттардың бөліктерін зерттеу ерекшеліктері
Матадан жасалған заттардың бөліктерін зерттеу ерекшеліктері
Металлдан жасалған заттардың бөліктерін зерттеу ерекшеліктері

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2, 7, 9, 10, 13, 14,15, 16, 17, 21, 22, 27, 31, 32 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 8 тақырып. Көліктік-трасологиялық зерттеу

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Көлік құралдары іздерінің жалпы сипаттамасы және жіктемесі.
2. Көлік құралдарының іздері бойынша іздестіру және дәлелдеу ақпаратын алу, оларды бекіту және алу.
3. Көлік құралдарының іздерін диагностикалық зерттеу.
4. Шина іздерін трасологиялық зерттеудің әдістемесі.

Дәріс тезистері

Заманауи көлік құралдары әрқилы, алайда оларды келесідей топтарға бөлуге болады:

- жер үсті көлігі;
- жер асты көлігі;
- әуе көлігі;
- су көлігі.

Жер үсті көлігі көлік құралдарының екі үлкен тобын біріктіреді:

- рельсті көлік;
- рельссіз көлік.

Көлік құралдарын келесідей негізгер бойынша жіктеуге болады:

1. Қозғалу әдісі бойынша:

а) өздігінен жүретін көлік – әртүрлі қозғалтқыштардың көмегімен қозғалатын көлік құралдары: автомобильдер, мотоциклдер, тракторлар; комбайндар, экскаваторлар, автокрандар, аэрошаналар және тағы басқалар;

б) өздігінен жүрмейтін көлік – жануарлар күшінің көмегімен қозғалатын көлік құралдары: аттардың, бұғылардың, иттердің көмегімен (арбалар, тарантастар, двуколкалар, нарттар, шаналар) және адамның көмегімен қозғалатын көлік құралдары (велосипедтер, тачкалар, қол арбалары, шаналар мен тағы басқалар).

2. Жүру бөліктерінің құрылымы бойынша:

- а) өздігінен жүретін – дөңгелекті, шынжыр табанды немесе полозды;
- б) өздігінен жүрмейтін – дөңгелекті немесе полозды.

3. Осьтары мен дөңгелектерінің саны бойынша:

а) екі немесе үш осьтары бар, төрт және одан көп осьтардан аз көлік құралдары;

б) өздігінен жүрмейтін әдетте екі, бір осыған аз осығы көлік құралдары.

Бейнелері көлік құралдарының іздерінде көрінетін негізгі із қалдырушы объектілерді шартты түрде екі топқа бөлуге болады:

- жүру бөлігінің детальдары (дөңгелектер, шынжыр табандар, полоздар);

- корпустың сыртқы детальдары (облицовка, бампер, фарлар, қанаттар және басқалар), корпус пен жолдың беткі қабатының арасында көрінетін аспа (подвеска), рөл басқаруы мен трансмиссия детальдары.

Іздер – тергеп-тексеріліп отырған оқиғамен себепті байланыстағы айналадағы ахуалдың кез келген өзгеруі.

1. Көлік құралдарының жеке детальдары мен бөліктерінің әртүрлі объектілермен жанасу нәтижесінде сол объектілердегі сырттай құрылымының бейнесі, мысалы шиналар, шынжыр табандар, мотоциклдың сүйеніш-тірегіші, автомобиль бампері, кузов бөліктері мен тағы сол сияқтылар.

2. Оқиға барысында көлік құралының өзінде пайда болатын әртүрлі объектілердің сыртқы құрылымының бейнесі.

3. Көлік құралымен бірге бірыңғай бүтінді құрайтын бөліктер мен оқиға кезінде одан бөлініп қалатын бөліктер, мысалы, есіктің тұтқасының немесе кузовтың бруссының (тақтасының), фар сынықтары мен тағы басқалардың сынығы;

4. Көлік құралдарын пайдалану кезінде қолданылатын заттар (майлар, тежегіш сұйығы және тағы басқалар), сондай-ақ болған оқиға нәтижесінде көлікке тиген заттар (қан дақтары, топырақтың қабатталуы және сол сияқтылар).

Осы айтылғандарды жалпылай келе, көлік құралдарының іздеріне келесідей анықтама беруге болады.

Көлік құралдарының іздері – көлікті пайдалану кезінде қолданылатын, көліктен бөлініп қалған детальдары мен заттарының, көліктің жеке бөліктерінің сырт құрылымының материалдық бекітілген бейнесі.

Оқиға болған жерді қарап-тексеруді аяқтағаннан кейін маман табылған іздер бойынша зерттеу жүргізу нәтижесінде алдын ала төмендегілердің анықталуы мүмкін болатын зерттеу жүргізеді:

1. Көлік құралының бір топқа жататындығы:

а) типі (автомобиль, трактор, мотоцикл, повозка және тағы басқалар);

б) түрі (жүк автомобилі, колякалы мотоцикл және тағы басқалар);

в) моделі (ЗИЛ-130 жүк автокөлігі, ДТ-75 тракторы және тағы басқалар).

2. Соқтығысу алдындағы көлік құралдарының өзара орналасуы.

3. Оқиға салдарынан көлік құралына келтірілген зақымдар (фарының талқандалуы, бамперінің майысуы және тағы басқалар).

4. Көлік құралына жағылған заттар (қан дақтары, бояу, топырақ үгінділері).

5. Көлік құралының қозғалу бағыты.

Заттарға түскен дөңгелек пен іздердің бейнелерінен бөлек басқа да дәлелдемелерді анықтау қажет:

- Көлік құралдарының бөліктері (шынының сынықтары, сынған фарлар мен тағы басқалар);
- Көлік құралдарынан бөлініп қалған бояулар, былғаныштар мен басқа да заттар;
- Құлап қалған немесе шашылған жүк;
- Бензин, май, тежегіш сұйығының дақтары.

Диагностикалық көлік-трасологиялық зерттелер. Мұндай зерттеулердің негізгі міндеттеріне келесілер жатады:

- соқтығысу (басу) орнын анықтау;
- оқиға болған уақыттағы көлік құралдарының өзара орналасуын анықтау;
- көлік құралдарының соқтығысуы, қозғалуы кезіндегі немесе одан кейінгі соқтығысуды бөлу;
- басып кету сәтіндегі көлік пен жаяу жүргіншінің өзара орналасуы және басқалар.

Автоматокөлік құралдары шиналары іздерін трасологиялық зерттеу із қалдырған нақты көлік құралын анықтау мақсатында жүргізіледі.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2, 7, 9, 10, 14,15, 16, 17, 21, 22, 34, 36, 39 (3.7 бөлімді қараңыз).

Тәжірибелік тапсырма

№ 3 тақырып. Аяқкиім іздерін зерттеу

1-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Заттың бетіне түсірілген аяқкиім іздерін алдын ала зерттеу, бекіту және алу: қабатталған іздер, қабат алған іздер.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде білім алушы келесілерді оқып-танушы тиіс: зат бетіне түсірілген бірлі-жарым аяқкиім ізі элементтерінің сипаты, оны зерттеу және алу әдісі; аяқкиім ізі жолының маңызы, оның элементтерінің сипаттамасы; із жолын зерттеу және бекітудің әдістері; аяқкиім ізінің жолын қалдырған адамның анатомиялық және функционалдық белгілерін анықтау; аяқкиім ізі бойынша бағыттапталар құрудың ережесі.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар заттың бетіне түскен бірлі-жарым аяқкиім іздерін табу, қарап-тексеру және алдын ала зерттеу бойынша дағдыларды меңгереді, оларды өлшеу, сондай-ақ аталмыш іздерді дактилоскопиялық пленканың көмегімен алу, іздерді алуға арналған басқа да із көшіргіш материалдар мен техникалық құралдарды қолдануа білуді үйренеді. Осыдан кейін жұмыс конспектілерінде аяқкиім ізінің анықталған элементтерін көрсетіп, із қалдырған аяқкиімнің өлшемін көрсету қажет.

Әрбір білім алушы заттың бетіне түскен аяқкиім іздерін зерттеу нәтижесін қарап-тексеру хаттамасының іздерді сипаттау бөлігі ретінде ресімдеп, фотокесте мен бағыттағандар құруы тиіс.

2-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Көлемді аяқкиім іздерін алдын ала зерттеу, бекіту және алу.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде білім алушы келесілерді оқып-танысуы тиіс: көлемді аяқкиім іздері жолдарын зерттеу және алу әдісі; көлемді бірлі-жарым аяқкиім ізі элементтерінің сипаттамасы; оны зерттеу және бекітудің әдістері.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар заттың бетіне түскен бірлі-жарым көлемді аяқкиім іздерін табу, қарап-тексеру және алдын ала зерттеу бойынша дағдыларды меңгереді, жұмыс конспектілерінде өздері анықтаған із қалдырған адам жүрісінің анатомиялық белгілерін сипаттайтын элементтерді көрсетеді. Бірлі-жарым статикалық көлемді аяқкиім іздерін зерделейді, оларға өлшеу жүргізеді, сондай-ақ бірлі-жарым көлемді аяқкиім іздерінің гипстік қалыбын алады.

3-тәжірибелік сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Аяқкиім іздері бойынша идентификациялық емес зерттеу жүргізу кезінде алдын ала зерттеу сатысы.

Тәжірибелік тапсырма:

1. Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде әртүрлі беткейлерде қалдырылған зат бетіне түсірілген аяқкиім іздері табу және бекітудің тәсілдері мен әдістерін, сондай-ақ гипс ерітіндісін дайындау ережесі мен көлемді аяқкиім іздеріне құю механизмін қайталау қажет. Сонымен қатар, көлемді аяқкиім іздерін алу механизмін білу қажет. Аяқкиім іздері бойынша идентификациялық емес зерттеу жүргізу кезінде алдын ала зерттеудің әдістемесі мен маманның қорытынды құрастыруының құрылымын қайталау қажет.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар көлемді аяқкиім іздері бойынша алдын ала зерттеу жүргізеді. Ұсынылған объектілерді фотоға түсіруді жүргізеді.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14,15, (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 4 тақырып. Сындыру құралдарының іздерін зерттеу

1-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Сындыру құралдарының статикалық іздерін алдын ала зерттеу, бекіту және алу.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде келесілерді қайталау қажет: сындыру құралдарының түрлері мен сипаттамасы; сындыру құралдарының статикалық іздерінің пайда болу жағдайлары; сындыру құралдарының статикалық іздерінің жалпы және жеке белгілері мен олардың идентификациялық маңызы; ағаш және металл кедергілерде қалдырылған сындыру құралдарының статикалық іздерін зерттеу ерекшеліктері; сындыру құралдарының статикалық іздерін өлшеудің ережесі мен тәртібі, жалпы және жеке белгілерін сипаттау кезектілігі, сындыру құралдарының іздерін алу әдістері.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар ұсынылған объектілердегі (ағаш келтегі, металл пластиналары) сындыру құралдарының статикалық іздерін зерделейді. Білім алушылар статикалық іздер қалдырған сындыру құралдары іздерінің жалпы және жеке белгілерін табуы, сондай-ақ оларды жұмыс дәптерлерінде суреттеуі және жазуы қажет. Осыдан кейін «Микросил», «КОС-2», «Кримэласт» (ПЛАСТИЛИНА) көшірме массасының көмегімен көлемді статикалық сындыру құралдарының іздерін алуы, сондай-ақ осы ізді қалдыруы мүмкін құрал туралы тұжырым жасауы қажет. Зерттеу нәтижесін бағыттама ретінде ресімдеп, онда зерттеу объектілері мен анықталған іздерді сипаттап-суреттеу қажет.

2-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Сындырудың динамикалық іздерін алдын ала зерттеу, бекіту және алу.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде келесілерді қайталау қажет: сындыру құралдарының түрлері мен сипаттамасы; сындыру құралдарының динамикалық іздерінің пайда болу жағдайлары; сындыру құралдарының динамикалық іздерінің жалпы және жеке белгілері мен олардың идентификациялық маңызы; ағаш және металл кедергілерде қалдырылған сындыру құралдарының динамикалық і здерін зерттеу ерекшеліктері; сындыру құралдарының динамикалық іздерінің бұрыштық шамасын өлшеудің ережесі мен тәртібі, жалпы және жеке белгілерін сипаттау кезектілігі, сындыру құралдарының динамикалық іздерін алу әдістері.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар ұсынылған объектілердегі (құлыптар, металл пластиналар, сымдар) сындыру құралдарының динамикалық іздерін зерделейді. Динамикалық іздер қалдырған сындыру құралдары іздерінің жалпы және жеке белгілерін табуы, сондай-ақ оларды жұмыс дәптерлерінде суреттеу және жазу қажет. Осы іздерді қалдыруы мүмкін құрал туралы тұжырым жасау қажет. Зерттеу нәтижесін бағыттама ретінде ресімдеп, онда зерттеу объектілері мен анықталған іздерді сипаттап-суреттеу қажет.

3-тәжірибелік сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Сындыру құралдарының статикалық іздерін идентификациялық зерттеу кезіндегі алдын ала зерттеу.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде келесілерді қайталау қажет: сындыру құралдары іздерінің өзге түрлері, жалпы және жеке белгілері мен олардың идентификациялық маңызы; әртүрлі беткейде қалдырылған сындыру құралдарының статикалық іздерін фотоға түсірудің ережесі мен тәртібі, сындыру құралдарының статикалық іздерін алдын ала зерттеудің әдістемесі.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар ұсынылған объектілер мен олардың беткейлеріндегі сындыру құралдарының іздерін алдын ала зерттейді. Объектілерді фотоға түсіруге кіріседі.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14,15, 16 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 5 тақырып. Құлыптарды зерттеу

1-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Серппелі, сувальдсыз, сувальдты құлыптардың құрылымы. Сындыру және майыстыру белгілері.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде серппелі, сувальдсыз, сувальдты құлыптардың құрылымын қайталау қажет. Сындыру және майыстыру белгілерін білу қажет.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар ұсынылған сувальдсыз, сувальдты серппелі құлыптарды зерттейді, оларды сипаттайды және өздері анықтаған сындыру және майыстыру белгілерін көрсетеді. Зерттеу нәтижелерін жұмыс дәптерлерінде бекітеді.

2-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Цилиндрлі құлыптардың құрылымы мен өзге түрлері. Сындыру және майыстыру белгілері.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде цилиндрлі құлыптардың әртүрлі типтерінің құрылымы мен өзге түрлерін; сындыру және майыстыру белгілерін қайталау қажет.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар ұсынылған цилиндрлі құлыптарды зерттейді, оларды сипаттап, өздері анықтаған сындыру және майыстыру белгілерін көрсетеді. Зерттеу нәтижелерін жұмыс конспектілерінде бекітеді.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14,15, 16, 17, 19, 32 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 6 тақырып. Пломбаларды, бекіту-пломбалық және сигналдық құрылғыларды зерттеу

1-тәжірибелік сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Пломбалар бойынша трасологиялық зерттеу жүргізу кезіндегі алдын ала зерттеу.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде келесілерді қайталау қажет: пломбалардың құрылымы, оларды ілудің ережелері, сондай-ақ қылмыскерлер қолданатын криминалдық шешу мен қайта ілудің әдістері; металл және полимер пломбаларға трасологиялық зерттеу жүргізу кезінде алдын ала және детальды зерттеу әдістемесі.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар тәжірибелік жедел-криминалистикалық бөліністер ұсынған маман қорытындыларын зерделейді және оларға талдау жасайды, ұсынылған металл және полимер пломбаларға алдын ала зерттеу жүргізеді, фотоға түсіреді.

2-тәжірибелік сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Пломбаларға трасологиялық зерттеу жүргізу кезіндегі детальды зерттеу.

2. Зерттеу нәтижелерін бағалау. Материалдарды ресімдеу және фотокесте жасау.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде келесілерді қайталау қажет: детальды зерттеу сатысы, металл және полимер пломбаларға трасологиялық зерттеу жүргізу кезінде зерттеу нәтижелерін бағалаудың критерийі, сондай-ақ маманның қорытынды құрастыруы мен фотокестені ресімдеудің ережесі және тәртібі.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар пломбаларды детальды зерттеуге, зерттеу нәтижелерін бағалауға және маманның қорытындысын ресімдеуге, сондай-ақ фототүсірімдер кестесін жасауға кіріседі.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2, 7, 9, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 21, 22, 27, 31, 32 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 7 тақырып. Бөліктері арқылы бүтінді анықтауды зерттеу

1-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Бөлінген объектілерді олардың бөліктері бойынша бүтінді анықтау кезіндегі алдын ала зерттеу.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде «бүтін» және «бөлік» түсінігі мен идентификациялық белгілерін, бұрынырақта біртұтас бүтінді құраған объектіні

алдын ала зерттеу әдістемесін, сондай-ақ фотокестені ресімдеуге қойылатын талаптарды қайталау қажет.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар тәжірибелік жедел-криминалистикалық бөліністер ұсынған маман қорытындыларын зерделейді және оларға талдау жасайды, ұсынылған объектілерге алдын ала зерттеу жүргізеді, фотоға түсіреді.

2-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Бұрынырақта біртұтас бүтінді құраған объектілердің бөлінген бөліктерін детальды зерттеу.

2. Зерттеу нәтижелерін бағалау.

Тәжірибелік тапсырма:

Зертханалық сабаққа дайындалу кезінде бұрынырақта біртұтас бүтінді құраған объектілерді детальды зерттеу әдістемесін, осындай зерттеу түріндегі объектіні фотоға түсірудің ережесі мен тәртібі.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар ұсынылған объектілерге детальды зерттеу жүргізеді, оларды фотоға түсіруді жалғастырады, маманның қорытындыларын ресімдейді.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2, 7, 9, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 21, 22, 27, 31, 32 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 8 тақырып. Көліктік-трасологиялық зерттеу

1-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Шиналардың іздері бойынша трасологиялық идентификациялық зерттеуді жүргізу кезіндегі алдын ала зерттеу.

2. Шиналардың іздерін идентификациялық зерттеу объектілерін бөлек зерттеу.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде топырақ пен қардағы шина протекторларының көлемді іздерін алудың тәсілдері мен әдістерін, сондай-ақ гипс ерітіндісін дайындау рецептурасы мен шина протекторларының көлемді іздерін құю механизмін қайталау қажет. Сонымен қатар, шина протекторларының беткейдегі іздерін алудың тәсілдері мен әдістерін білу керек. Шина протекторларының іздерін идентификациялық зерттеуді орындау кезінде алдын ала және бөлек зерттеу әдістемесін және маманның қорытынды құрастыру құрылымын қайталау қажет.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар тәжірибелік жедел-криминалистикалық бөліністер ұсынған маман қорытындыларын зерделейді және талдау жасайды. Осыдан кейін шина протекторларының беткейдегі және көлемді іздері мен ұсынылған автомобиль шиналары покрывкалары бойынша алдын ала зерттеу жүргізуге кіріседі. Ұсынылған объектілерді фотоға түсіре

бастайды. Шина іздерінің идентификациялық зерттеу объектілері бойынша бөлек зерттеу жүргізеді.

2-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Шина іздерінің идентификациялық зерттеу объектілері бойынша салыстырмалы зерттеу жүргізу.

2. Зерттеу нәтижелерін бағалау. Зерттеу материалдарын ресімдеу және фотокесте жасау.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде шина протекторларының іздерін идентификациялық зерттеуді орындау кезінде детальды зерттеу әдістемесін және маманның қорытынды құрастыру құрылымын қайталау қажет. Сондай-ақ, шина протекторларының іздерін идентификациялық зерттеуді орындау кезінде эксперимент жүргізу әдістемесіне ерекше назар аудару қажет.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар шина протекторларының беткейдегі және көлемді іздері мен ұсынылған автомобиль шиналары покрывкалары бойынша салыстырмалы зерттеу жүргізуге кіріседі, іздер мен покрывкалар элементтерінің ерекшеліктерін анықтайды және сипаттап жазады. Сонымен қатар, эксперимент және объектілер бойынша салыстырмалы зерттеу жүргізеді. Ұсынылған объектілерді фотоға түсіруді жалғастырады.

Осыдан кейін салыстырмалы зерттеу нәтижелерін бағалауға және маманның қорытындысын ресімдеуге кіріседі, сондай-ақ фототүсірілім кестесін дайындайды.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 25, 27 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 9 тақырып. Киім іздерін зерттеу

1-тәжірибелік сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Трикотаждық және тері қолғаптар бойынша трасологиялық зерттеуді орындау кезіндегі алдын ала зерттеу.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде келесілерді қайталау қажет:

Киім бұйымының жіктелуі, киім материалының сипаттамасы; киім іздерінің пайда болу механизмі мен жіктелуі; киім іздерін табу, бекіту және алудың тәсілдері мен құралдары және киім іздеріндегі идентификациялық белгілер; трикотаждық және тері қолғаптар бойынша идентификациялық зерттеуді орындау кезіндегі алдын ала зерттеудің әдістемесі.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар тәжірибелік жедел-криминалистикалық бөліністер ұсынған маман қорытындыларын зерделейді және талдау жасайды, киім іздері мен трикотаждық (тері) қолғаптар бойынша алдын ала зерттеу жүргізеді, оларды фотоға түсіруге кіріседі.

2-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Трикотаждық және тері қолғаптар бойынша трасологиялық зерттеуді орындау кезіндегі детальдық зерттеу.
2. Зерттеу нәтижелерін бағалау.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде трикотаждық және тері қолғаптар бойынша идентификациялық зерттеуді орындау кезіндегі детальдық зерттеудің әдістемесін қайталау қажет, эксперимент жүргізу әдістемесіне, сондай-ақ объектілерді фотоға түсірудің тәртібі мен ережелеріне, трикотаждық және тері қолғаптар бойынша зерттеулер жүргізу кезіндегі салыстырмалы зерттеулер нәтижелерін бағалау критерийлеріне баса назар аудару қажет.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар трикотаждық және тері қолғаптар мен салыстыру объектілері бойынша детальдық зерттеу жүргізуге кіріседі, іздер мен қолғаптардағы жекелік ерекшеліктерді табады және жазбаша сипаттайды. Сондай-ақ, эксперимент және объектілер бойынша салыстырмалы зерттеу жүргізеді, салыстырмалы зерттеу нәтижелерін бағалайды және иллюстративтік материалдарды ресімдейді. Ұсынылған объектілерді фотоға түсіруді жалғастырады.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 25, 27, 31, 32, 34, 39 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 10 тақырып. Киімдегі зақымдануларды зерттеу

1-тәжірибелік сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Киімнің механикалық зақымдануының түрлері және олардың өзіндік белгілері.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде келесілерді қайталау қажет: киімнің механикалық зақымдануының түрлері; жыртылу белгілері; кесілу белгілері; түйреу зақымының белгілері; түйреп-кесу зақымының белгілері; шабу зақымының белгілері; жұмыр заттан келтірілген зақымдану белгілері.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар ұсынылған киім затындағы зақымдануларды зерделейді және олардың пайда болу механизмін анықтайды; ұсынылған із қалдырушы заттардың (пышақтар, қанжарлар, қырыну ұстарасы, балғалар, балталар, бұрандағыштар /отвертка/) ерекшеліктерін зерделейді; әртүрлі заттармен киімдегі экспериментальдық зақымдануды алу мен оларды фотоға түсіру бойынша дағдыларды меңгереді.

2-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Киімнің механикалық зақымдануды трасологиялық зерттеуді орындау кезіндегі алдын ала зерттеу.

2. Киімдегі зақымдану объектілерін бөлек зерттеу.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде келесілерді қайталау қажет: киімнің механикалық зақымдануының түрлері; жыртылу белгілері; кесілу белгілері; түйреу зақымының белгілері; түйреп-кесу зақымының белгілері; шабу зақымының белгілері; жұмыр заттан келтірілген зақымдану белгілері; киімдегі механикалық зақымданулар мен із қалдырушы заттарды алдын ала зерттеу әдістемесі, сондай-ақ объектілерді фотоға түсірудің тәртібі мен ережесі.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар киімдегі зақымдар мен із қалдырушы заттар бойынша алдын ала зерттеу жүргізеді, ұсынылған объектілерді фотоға түсіруге кіріседі. Осыдан кейін киімдегі зақымдар мен заттардың із қалдырушы бөлшектеріне, із қалдыру ерекшеліктерін көрсете отырып, бөлек зерттеу жүргізуге кіріседі.

3-тәжірибелік сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Киімдегі механикалық зақымдарға трасологиялық зерттеуді орындау кезіндегі салыстырмалы зерттеу.

2. Зерттеу нәтижелерін бағалау. Зерттеу материалдарын ресімдеу және фотокесте жасау.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде келесілерді қайталау қажет: киімнің механикалық зақымдануының түрлері; жыртылу белгілері; кесілу белгілері; түйреу зақымының белгілері; түйреп-кесу зақымының белгілері; шабу зақымының белгілері; жұмыр заттан келтірілген зақымдану белгілері; киімдегі механикалық зақымданулар мен із қалдырушы заттарды алдын ала зерттеу әдістемесі, сондай-ақ объектілерді фотоға түсірудің тәртібі мен ережесі.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар киімдегі зақымдар мен із қалдырушы заттардан келтірілген экспериментальдық зақымдар бойынша, сәйкес келуші және айырушы белгілерін көрсете отырып, салыстырмалы зерттеу жүргізеді. Зерттеу нәтижелерін бағалайды. Ұсынылған объектілерді фотоға түсіруді жалғастырады.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 27, (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 11 тақырып. Адамның тістерінің іздерін зерттеу

1-тәжірибелік сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Адам тістерінің іздерін трасологиялық зерттеуді орындау кезіндегі алдын ала зерттеу.

Тәжірибелік тапсырма:

Зертханалық сабаққа дайындалу кезінде келесілерді қайталау қажет:

Адам тісі аппаратының құрылымы туралы негізгі мәліметтер; іздерде бейнеленетін тістердің жалпы және жеке белгілері; оқиға болған жерде адам тістерінің іздері бойынша алдын ала зерттеудің ерекшеліктері; адам тістерінің іздері бойынша трасологиялық зерттеу жүргізу кезіндегі алдын ала зерттеудің әдістемесі, сондай-ақ объектілерді фотоға түсірудің ережесі мен тәртібі.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар тәжірибедегі жедел-криминалистикалық бөліністер ұсынған қорытындыларды зерделейді және оларға талдау жасайды. Адам тістерінің іздері бар объектілерді зерттейді, оларды фотоға түсіреді.

2-тәжірибелік сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Адам тістерінің іздерін трасологиялық зерттеуді орындау кезіндегі детальдық зерттеу.

2. Зерттеу нәтижелерін бағалау. Зерттеу материалдарын ресімдеу және фотокесте жасау.

Тәжірибелік тапсырма:

Зертханалық сабаққа дайындалу кезінде келесілерді қайталау қажет:

Адам тісі аппаратының құрылымы туралы негізгі мәліметтер; іздерде бейнеленетін тістердің жалпы және жеке белгілері; оқиға болған жерде адам тістерінің іздері бойынша детальдық зерттеудің ерекшеліктері; адам тістерінің іздері бойынша трасологиялық зерттеу жүргізу кезіндегі зерттеу нәтижелерін бағалау критерийі, сондай-ақ объектілерді фотоға түсірудің ережесі мен тәртібі.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар қорытындыны орындауды жалғастырады. Алынған нәтижелерге талдау жасайды, адам тістерінің іздері мен экспериментальдық іздерге, сондай-ақ ұсынылған протездерге салыстыру жүргізеді, оларды фотоға түсіреді, тұжырымдар шығарады, маманның қорытындысын құрастырады және фотокесте жасайды.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 27, (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 12 тақырып. Өндірістік механизмдердің іздерін зерттеу

1-тәжірибелік сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Өндірістік механизмдердің іздерін трасологиялық зерттеуді орындау кезіндегі алдын ала зерттеу.

Тәжірибелік тапсырма:

Сабақ басталмас бұрын білім алушылар қажетті өлшегіш приборларын (сызғыштар, штангенциркульдер, рулеткалар, транспортирлер) алулары керек.

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде келесілерді оқып-танысуы тиіс: жаппай өндіру бұйымдарындағы өндірістік механизмдердің іздерін зерттеу объектілерінің түрлері мен сипаттамасы; осындай зерттеу арқылы шешілетін

сұрақтар; жаппай өндіру бұйымдарындағы өндірістік механизмдердің іздерін идентификациялық зерттеу жүргізудің әдістемесі.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар тәжірибедегі ЖКБ ұсынған өндірістік механизмдердің іздері бойынша мамандардың қорытындыларын зерделейді; ұсынылған объектілерді зерттейді. Ұсынылған объектілерді алдын ала зерделеу кезінде өндірістік механизмдердің детальдарынан қалдырылуы мүмкін барлық белгілер кешенін зерттеу қажет. Сабақтың екінші бөлімінде білім алушылар ұсынылған объектілерді фотоға түсіруге кіріседі.

2-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Өндірістік механизмдердің іздерін идентификациялық зерттеуді орындау кезіндегі детальдық зерттеу.

2. Зерттеу нәтижелерін бағалау. Зерттеу материалдарын ресімдеу және фотокесте жасау.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде білім алушылар жаппай өндіру бұйымдарындағы өндірістік механизмдердің іздерін идентификациялық зерттеу жүргізу әдістемесін, сондай-ақ маманның қорытынды құрастыруы мен иллюстративтік материалдарды ресімдеудің ережесі мен тәртібін зерделеуі тиіс.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар ұсынылған объектілерді зерттеуді жалғастырады. Ұсынылған объектілерді детальды зерделеу кезінде өндірістік механизмдердің детальдарынан қалдырылуы мүмкін барлық белгілер кешенін зерттеу, сондай-ақ анықталған белгілер бойынша салыстырмалы зерттеу жүргізу қажет. Маманның қорытынды құруының тәртібі мен ережелерін білуі, фотокестені ресімдеуі қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 5, 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 21, 22, 27, 28, 29, 33, 34, 39 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 13 тақырып. Жойылған, өзгертілген және жартылай өзгертілген металл және басқа да беткейлердегі маркалық белгілерді зерттеу

1-тәжірибелік сабақтың жоспары (1 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Маркалық белгілерді қалпына келтіру бойынша трасологиялық зерттеуді орындау кезіндегі алдын ала зерттеу.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде маркалық белгілерді қалпына келтіру бойынша трасологиялық зерттеуді орындау кезіндегі алдын ала зерттеу әдістемесін, объектілерді фотоға түсірудің ережелері мен тәртібін қайталау қажет.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар тәжірибедегі жедел-криминалистикалық бөліністер ұсынған мамандардың қорытындыларын зерделейді және оларға талдау жасайды. Осыдан кейін маркалық белгілері бар

металл пластиналарын алдын ала зерттеуге кіріседі. Ұсынылған объектілерді фотоға түсіруге кіріседі.

2-тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

Бақылау сұрақтары:

1. Маркалық белгілерді қалпына келтіру бойынша трасологиялық зерттеуді орындау кезіндегі детальдық зерттеу.
2. Зерттеу нәтижелерін бағалау.

Тәжірибелік тапсырма:

Тәжірибелік сабаққа дайындалу кезінде маркалық белгілерді қалпына келтіру бойынша трасологиялық зерттеуді орындау кезіндегі детальдық зерттеу әдістемесін, объектілерді фотоға түсірудің ережелері мен тәртібін қайталау қажет.

Тәжірибелік сабақта білім алушылар маркалық белгілері бар металл пластиналарын детальдық зерттеуге кіріседі. Ұсынылған объектілерді фотоға түсіруді жалғастырады, осыдан кейін жүргізілген зерттеудің нәтижелеріне баға береді.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 3, 5, 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 21, 22, 29, 34, 39 (3.7 бөлімді қараңыз).

Білім алушылардың өзіндік жұмысы

№ 1 тақырып. Трасологиялық зерттеудің түсінігі және оның түрлері (5 сағат)

Білім алушы өз бетімен дайындалу барысында келесілерді оқып-танысуы қажет:

1. Трасологиялық сараптаманың (зерттеудің) пайда болуы мен даму тарихынан мәліметтер. Трасологияның дамуына орыс, қазақ және қазақстандық ғалымдардың қосқан үлесі.
2. Қылмыстарды тергеп-тексеруде трасологиялық білімді қолдану нысандары.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 2 тақырып. Трасологиялық идентификациялау мен диагностикалаудың негіздері (5 сағат)

Білім алушы өз бетімен дайындалу барысында келесілерді оқып-танысуы қажет:

1. Іздердің пайда болу механизмінің ерекшеліктері, із қабылдағыш беткейдің әсері.
2. Трасологиялық іздердің жылпы және жеке, топтық және жекелік белгілері.

3. Диагностикалық трасологиялық зерттеудің түрлері.
4. Іздерді профильдеудің әдістері мен құралдары.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15,16,17 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 3 тақырып. Аяқкиім іздерін зерттеу (6 сағат)

Білім алушы өз бетімен дайындалу барысында келесілерді оқып-танысуы қажет:

1. Аяқкиім іздерін идентификациялық емес зерттеу кезіндегі белгілерді талдау.
2. Іздің әртүрлі пайда болу жағдайлары кезіндегі іздерде бейнелетін аяқкиімнің идентификациялық белгілері мен оның элементтері.
3. Адам аяғының іздері бойынша адамды идентификациялау.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7,9,10,14,15,16,17,19,32 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 4 тақырып. Сындыру құралдарының іздерін зерттеу (6 сағат)

Білім алушы өз бетімен дайындалу барысында келесілерді оқып-танысуы қажет:

1. Кесу іздерін криминалистикалық зерттеудің ерекшеліктері.
2. Тістеу іздерін зерттеу, олардың сипаттамасы.
3. Кедергідегі термиялық әсер ету іздерінің криминалистикалық сипаттамасы.
4. Шыны кескіштің әсері тиген объектілерді зерттеу ерекшеліктері.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2,7,9,10,13,14,15,16,17,21,22,27,31,32 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 5 тақырып. Құлыптарды зерттеу (6 сағат)

Білім алушы өз бетімен дайындалу барысында келесілерді оқып-танысуы қажет:

1. «Аблой» типіндегі құлыптарды криминалистикалық зерттеудің әдістемесі мен кезектілігі.
2. Құлыптың іске жарамдылығының түсінігі. Іске жарамсыздығының себептері.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2, 7, 9, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 21, 22, 27, 31, 32 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 6 тақырып. Пломбаларды, бекіту-пломбалық және сигналдық құрылғыларды зерттеу (6 сағат)

Білім алушы өз бетімен дайындалу барысында келесілерді оқып-танысуы қажет:

1. Шетелдік өндірістің бекіту-пломбалық және сигналдық құрылғыларының түрлері мен криминалистикалық сипатамасы.
2. Сигналдық құрылғыларды криминалистикалық зерттеудің ерекшеліктері.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 25, 27 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 7 тақырып. Бөліктері арқылы бүтінді анықтауды зерттеу (6 сағат)
Білім алушы өз бетімен дайындалу барысында келесілерді оқып-танысуы қажет:

1. Ағаш объектілердегі кесіктердің іздері бойынша бүтінді анықтау.
2. Шыны объектілердегі бөліну жазықтығы бойынша бүтінді анықтау.
3. Қағаз бұйымдары бөліктерін зерттеу әдістемесі.
4. Текстильдік маталар бөліктерін зерттеу әдістемесі.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 25, 27, 31, 32, 34, 39 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 8 тақырып. Көліктік-трасологиялық зерттеу (6 сағат)
Білім алушы өз бетімен дайындалу барысында келесілерді оқып-танысуы қажет:

1. Қозғалыс бағытын, автомобиль колеясы мен базасын, сурет типін, із қалдырған шиналар моделін, із қалдырған автокөлік құралының типін, моделін анықтау.
2. Автокөліктің жол-көлік оқиғасына қатысы бар болуы мүмкіндігін растайтайтын белгілер. Іздердің пайда болу механизмін, ЖКО-ның мүмкін болған мән-жайларын анықтау.
3. Жол-көлік оқиғасы орындарын қарап-тексеру және бекітудің ерекшеліктері.
4. Жол-көлік оқиғасы орындарынан іздерді табу және алу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 27 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 9 тақырып. Киім іздерін зерттеу (6 сағат)
Білім алушы өз бетімен дайындалу барысында келесілерді оқып-танысуы қажет:

1. Киім және қолғаптар дайындау кезінде қолданылатын әртүрлі материалдар беткейлерінің құрылымы мен рельефі. Матаның тығыздығы мен тоқылу сипаты.

2. Өртүрлі объектілердегі киім және қолғаптардың беткейлік және көлемді іздері. Іздердің пайда болу механизмі және ондағы белгілердің сипаты.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 27 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 10 тақырып. Киімдегі зақымдануларды зерттеу (6 сағат)

Білім алушы өз бетімен дайындалу барысында келесілерді оқып-танысуы қажет:

1. Киімдегі зақымданулар бойынша зерттеу жүргізу кезінде эксперимент жүргізудің ерекшеліктері.
2. Киімге термиялық әсер ету кезіндегі іздерді зерттеу ерекшеліктері.
3. Қышқылдар мен сілтілердің киімге әсер етуі кезінде пайда болатын іздер.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 5, 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 21, 22, 27,28,29,33,34,39 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 11 тақырып. Адамның тістерінің іздерін зерттеу (6 сағат)

Білім алушы өз бетімен дайындалу барысында келесілерді оқып-танысуы қажет:

1. Тіс протездерінен қалдырылған іздерді зерттеу ерекшеліктері.
2. Адам және жануардың тіс аппаратының айырмашылықтары.
3. Адам тісінің іздерін трасологиялық зерттеу жүргізу кезіндегі салыстырудың фотографиялық әдісі.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 3, 5, 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 21, 22, 29, 34, 39 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 12 тақырып. Өндірістік механизмдердің іздерін зерттеу (6 сағат)

Білім алушы өз бетімен дайындалу барысында келесілерді оқып-танысуы қажет:

1. Сым және электрөткізгіш кабельдерді зерттеу әдістемесінің ерекшеліктері.
2. Шыныдан жасалған бұйымдардағы өндірістік-технологиялық жабдықтардың іздерін зерттеу.
3. Пластмассадан жасалған бұйымдардағы өндірістік-технологиялық жабдықтардың іздерін зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 21, 22, 29,27,30,38,39,40 (3.7 бөлімді қараңыз).

№ 13 тақырып. Жойылған, өзгертілген және жартылай өзгертілген металл және басқа да беткейлердегі маркалық белгілерді зерттеу (5 сағат)

Білім алушы өз бетімен дайындалу барысында келесілерді оқып-танысуы қажет:

1. Ағаш беткейлердегі маркалық белгілерді қалпына келтіру.
2. Полимер материалдардағы маркалық белгілерді қалпына келтіру.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 7, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 21, 22, 26,27,30,38,39,40 (3.7 бөлімді қараңыз).

3.10. Пәнді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар.

«Трасология және трасологиялық зерттеулер» оқу пәні трасологиялық іздерді жедел-криминалистикалық зерттеуді қамтамасыз етудің теориялық-құқықтық, ұйымдастыру және әдістемелік сұрақтарын оқытады. Осы оқу пәні трасология және трасологиялық зерттеулер саласы бойынша жоғары кәсіби мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді және маман-криминалистерді даярлауды қамтамасыз ететін пәндер мен арнайы курстардың құрамды бөлігіне кіреді.

«Трасология және трасологиялық зерттеулер» оқу пәнін оқытудың мақсаты болып білім алушылардың трасологиялық іздер және әртүрлі материалдық объектілер бойынша зерттеу жүргізу кезінде теориялық білімдер алуы, практикалық іскерліктер мен дағдыларды меңгеруі табылады.

Аталмыш оқу пәнін оқыту «Криминалистика» және «Қылмыстық процесс» секілді оқу пәндерімен органикалық байланыста жүзеге асырылуы тиіс.

«Трасология және трасологиялық зерттеулер» оқу пәні 13 тақырыптан тұрады.

Оқу пәнін оқытудың міндеттері:

- трасологиялық зерттеулер арқылы шешілетін түсініктер, заттар мен міндеттер; трасологиялық зерттеу объектілерін криминалистикалық зерттеу әдістемесінің негізгі ережелері, маман қорытындысының құрылымы мен мазмұны, зерттеу нәтижелерін ресімдеу тәртібі туралы білім алу;

- білім алушылардың бойынша жүйелік және салыстырмалы талдау жасауды; өнімді, сындарлы ойлау нысандарын, өз қызметін рефлексиялай білуді дамытуды; маман-криминалист кәсіби қызметі саласында өзін өзі үздіксіз жетілдіру қабілетін қалыптастыру және дамыту;

- білім алушылардың бойында тұлғааралық коммуникация қабілетін, комиссиялық және кешенді зерттеулер жүргізу кезінде командада жұмыс жасай білуді қалыптастыру;

- білім алушылардың бойында трасологиялық зерттеу жүргізе білу дағдыларын; зерттеу жүргізу процесінде идентификациялық, жіктемелік, жағдайлық және диагностикалық міндеттерді шеше білуді; объектілерді фотоға түсіре білуді; сандық бейнелерді өңдеуді, әртүрлі техникалық құралдарды қолдана білуді қалыптастыру.

«Трасология және трасологиялық зерттеулер» оқу пәнін жүзеге асыру дәріс және практикалық сабақтарды, сондай-ақ оқытушымен бірге өзіндік

жұмысты жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі және мұның барысында оқытудың келесі әдістері қолданылады: мотивациялар, түсіндірмелер, проблемалық-іздеу, практикалық, көрнекті (демонстрациялық, иллюстрациялық), ауызша (көрсету, талқылау), білім мен іскерлікті орындай білу, сондай-ақ білім алушылардың білім деңгейін бақылау.

Көрнекті құралдар, мультимедиялық жүйелер, фототехникалық және криминалистикалық құралдар, микроскоптар, криминалистикалық лупалар; әртүрлі жарықтарда іздерді зерттеуге арналған приборлар қолданылады.

3.11. Әдістемелік ұсынымдар мен практикалық жұмыстарды, курстық жұмыстарды және басқаларды орындау бойынша нұсқаулар

Теориялық білімді бекіту, трасологиялық іздерді криминалистикалық зерттеудің әдістері мен тәсілдерін қолданудың практикалық іскерлігі мен дағдыларын меңгеру мақсатында практикалық сабақтар жүргізіледі (оқу-әдістемелік аудиториялар мен криминалистикалық зертханаларда).

Практикалық сабақтарды жүргізу кезінде оқытушының қалауы бойынша әртүрлі нысандар қолданыла алады (топтық жаттығулар, есептерді шешу, зерттеу нәтижелерін бағалау /маманның немесе сарапшының қорытындысы/). Бұдан басқа, сабақты өткізудің арнайы нысаны қолданылады – маманның жаттығулық қорытындысын орындау бойынша жеке тапсырмаларды орындау. Сабақты жүргізу барысында білім алушылар зерттеудің әртүрлі әдістерін (визуалды қарап-тексеру, микроскоптық талдау, спектрдің көрінбейтін зонасында зерттеу жүргізу және басқалар) және техникалық құралдарды (лупалар, микроскоптар, жарық фильтрлерінің жиынтығы) қолданады.

Білім алушылар тапсырмаларды орындау кезінде ақпараттық парақшаларды, сарапшылық әдістемені, анықтамалық материалдарды, маманның /сарапшының/ қорытындысының үлгілерін қолданады. Иллюстративтік материалмен (қорытындыға қоса берілетін фотокөмемен) бірге дайындалған маманның қорытындысы тексеруге ұсынылады.

Практикалық сабақтарға дайындалу кезінде білім алушылар ұсынылатын әдебиетті оқуы, ал сабақ басталар алдында зертхана бастығынан қажетті техникалық және басқа да құралдарды, өлшегіш приборларды алулары тиіс.

«Трасология және трасологиялық зерттеулер» оқу пәнінің маңызды проблемаларын білу тест жүргізу барысында тестті қолдану арқылы тексеріледі.

Барлық түсініксіз, бәсекелі, проблемалық сұрақтар бойынша білім алушылар кафедра оқытушысынан кеңестер ала алады.

3.12. Өзін өзі бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Трасологияның қайсы анықтамасы дұрыс?

Трасология – сыртқы құрылымын бейнелейтін іздер бойынша заттарды идентификациялаудың әдістері мен техникасын, сондай-ақ аталмыш іздердің олардың пайда болуының қалыптасуымен байланысты механикалық процесті оқытатын криминалистикалық техника саласы;

Трасология – қылмыстарды тергеп-тексеруге ықпал ететін мән-жайларды анықтау мақсатында іздерді табы, бекіту, алу және зерттеудің ғылыми-техникалық құралдары мен әдістерін жасап шығаратын криминалистикалық техника саласы;

Трасология – іздерді қалдырған объектілердің сыртқы құрылымын бейнелейтін іздердің пайда болу механизмінің заңдылықтарын оқытатын және осы іздерді қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және алдын алу бойынша қолдану мақсатындағы құралдарды, жинау және зерттеудің тәсілдері мен әдістерін жасап шығаратын криминалистикалық техниканың бөлімі;

Трасология – тірі және өлі табиғат заттарының сыртқы құрылымын бейнелейтін іздердің қалыптасу процесін оқытатын криминалистикалық техника саласы.

2. Трасология жүйесін өзіне келесілерді кіргізеді:

трасологияның жалпы ережелері;

құралдар мен механизмдердің іздері;

жануарлардың іздері;

бүтінді бөліктері арқылы анықтау, әртүрлі объектілерді зерттеу;

барлық жауаптар дұрыс.

3. Іздердің анықтамасы:

іздер – бір объектінің екінші бір объектіге сыртқы құрылымын бейнелеуші, объектілердің өзара күрделі әрекеттесуінің нәтижесі;

іздер – шынайылықтың кез келген бейнесі;

іздер – заттың сыртқы құрылымы;

іздер – қылмыскердің материалдық әлемдегі және адамдардың идеалды бейнесіндегі іздердің көрінісі.

4. Беткейдегі іздерде қанша өлшеулер болады:

үшеу;

екеу;

біреу.

5. Көлемді іздерде қанша өлшеулер болады:

Біреу;

екеу;

үшеу;

төртеу.

6. Криминалистикалық идентификацияның объектілері болып келесілер табылады:

біртұтас заттар – сындыру құралы, атыс қаруы және тағы басқалар;

көптеген объектілер немесе материалдық кешендер;

бөліктерге бөлінген заттар – мысалы, жыртылған құжат, автомобиль фарының жарылған шынысы және басқалар;
барлық жауаптар дұрыс.

7. Диагностиканың мәні неде:
объектілердің бір топқа жататындығын анықтау;
объектілерді, құбылыстар мен процестерді олардың іздері мен қасиеттері бойынша тану;
объектілердің тектік және түрлік керек-жарағын анықтау;
теңдестіруді анықтау.

8. Идентификациялық белгі қандай талаптарға жауап беруі тиіс?
оның мәнділігі;
оның тұрақтылығы;
барлық жауаптар дұрыс;
оның көрінуі мен өндірісі.

9. «Идентификациялық кезең» дегеніміз не?
идентификациялық зерттеу жүргізуге шығындалған уақыт;
объектінің бейнесі пайда болған кезден бастап осы объекті бойынша объектіні идентификациялауды жүргізу сәтіне дейін өткен уақыт;
объект пайдалануда болған уақыт.

10. Аяқкиімнің жалпы белгілеріне келесілер жатады:
табаны мен оның бөліктерінің жалпы сипаттамасы;
жекелеуші белгілерінің формасы мен өлшемі;
өкшенің формасы мен өлшемдері.

11. Аяқ және аяқкиім іздерін зерттеу объектілеріне келесілерді жатқызуғат болады:
жалаң аяқ немесе шұлық (чулки) киген аяқ іздері, аяқкиім іздері;
күдіктіден алынған аяқкиім (шұлық, чулки);
барлық жауаптар дұрыс;
оқиға онында табылған аяқкиім;
аяқкиім іздерінің фотосуреті.

12. Іздер жолының элементтері:
қозғалу бағыты;
жүру линиясы;
қадам ұзындығы (сол және оң аяқтың);
барлық жауаптар дұрыс;
талтайған аяқтардың ені.

13. Аяқкиім іздері жолындағы қозғалу бағытының линиясы – бұл:

ұлтан бөлігіне қарай бағытталған оң немесе сол аяқ ізінің осьтік линиясынан пайда болған линия;

адамның қозғалу жағына қарай бағытталған сол және оң аяқ іздерінің арасындағы осьтік линия;

оң немесе сол аяқ өкшелерін (каблуқтарын) біріктіретін линия.

14. Аяқкиім іздерін хаттамада сипаттап жазу кезінде келесілерді көрсету қажет:

Іздің табылған орны мен із қабылдағыш беткейдің сипаты;

із қалдырған аяқкиімнің дайындалу әдісі;

үстінің құрылымы және өкшемен бекітілу әдісі;

қылмыскердің кету жолы.

15. Кесудің бір түрі ретінде келесілер табылады:

еркін кесу;

бөліп тастау;

древесинаны кесу;

металлды кесу;

матаны кесу.

16. Фронтальдық бұрыш – бұл:

үстара жиегін құрайтын жазықтық қырлары арасында орналасқан бұрыш;

із жатқан жазықтық пен аспаптың жұмысшы бөлігінің бисектрисасы арасында орналасқан бұрыш;

аспаптың жанасу линиясы мен қозғалу бағыты линиясының арасында пайда болған бұрыш;

аспаптың жанасу линиясы мен оның іскерлік қозғалу бағыты линиясының арасында пайда болған бұрыш.

17. Ширау іздері пайда болады:

егер кедергіге оның осіне перпендикуляр болатын, алайда оны кесіп өтпейтін сыртқы күш әсер етсе, бұл кезде көлденең осьтар кедергі осінің айналасында бұрылады;

егер кедергіге өзара қарама-қарсы бағыттағы екі тең және бір біріне өте жақын орналасқан сыртқы күштер ықпал әсер етіледі;

бір біріне қарама қарсы әрекет ететін күштер кедергіге ықпал етеді (сындырушы мен кедергінің күші).

18. Оқиға орнында сындыру құралының іздерін бекіту келесі әдістердің бірі арқылы жүргізіледі:

хаттамада сипаттап көрсету;

модельдеу;

бір екіншілерінің үстіне қою;

анықтамалық әдебиетпен салыстыру.

19. Кесу жиегінің рельефі объектіге ықпал ету кезінде концентрлі орналасқан сақиналық трасса ретінде бейнеленеді:

рубанкамен;
арамен;
бұрғымен;
стамескамен.

20. Аспаптың жанасушы нүктелерінің қозғалу бағыты линиясымен сәйкес келуі кезінде қандай іздер пайда болады?

жазықтық;
жалғызданған;
линялық;
көптік.

21. Құлыпты сындыру - бұл:

құлыпты бұзу арқылы ол кедергі ретінде жойылатын іс-әрекет;
құлып жойылатын іс-әрекет;
құлыпты алдын ала сындырусыз сұқпасын (ригелін) қозғалтуға тікелей бағытталған іс-әрекет.

22. Жинаққа кірмейтін, құлыпты майыстырушы кілт деп келесілер аталады:

келтірілген;
отмычка;
арнайы жасалған;
«уиститтер»;
проворотник.

23. «Уиститтер» дегеніміз:

арнайы стамеска;
арнайы дайындалған бұрандағыш (отвертка);
арнайы қысқыштар;
бампингке арналған электрлі тетік.

24. Бірқатарлы цилиндрлі механизмге арналған кілт дегеніміз:

жалпақ, шығыңқылары бар және оларды бір шетінің қырын кесінділері бөлетін пластиналар;

жалпақ, екі қарама қарсы шеттерінде шығыңқылары және кесінділері бар; әрқайсысының шеткі тұсында шығыңқылары мен кесінділері бар үш немесе одан көп пластиналар санымен аяқталатын цилиндрлі стержень.

25. Бекіту әдісі бойынша құлыптар келесідей болады:

автоматты;

жартылай автоматты;
құрастырылған;
барлық жауаптары дұрыс.

26. Берілген заттардың қайсысы «монолиттік бүтінге» жатқызылады?
фар сейілткішінің шынысы;
компьютер;
автоқалам.

27. Қандай зат «құрамды бөлік» болып табылады?
сигареттері бар қорап;
құлып;
ақша купюраларының бумасы;

28. Қандай заттарды «жинақты бүтін» деп санауға болады?
қару;
фар сейілткішінің шынысы;
слесарлық аспаптардың жиынтығы;
қағаз парағы.

29. Көлік құралдарын келесідей негіздер бойынша жіктеуге болады:
шиналар мен трактарының бар болуы;
артқы осіндегі дөңгелектер саны;
жүру бөліктерінің құрылысы;
кузов құрылысы.

30. Көлік құралдарының іздері келесідей негіздер бойынша жіктеледі:
пайда болу механизмі бойынша;
олардың пайда болуының қарама қарсы бұрышы бойынша;
ЖКО жағдайын негіздейтін оқиғалар бойынша;
шығу заты бойынша;
із қалдырушы объектілерінің сипаттамалары бойынша.

Білімді бағалау критерийі:

Білім алушының білімін бағалау барлық семестр ішінде пайыздық мазмұнда өлшенетін ағымдық, рейтингтік және қорытынды түрдегі бақылау арқылы жүргізіледі.

Ағымдағы бақылау - өткен тақырыптар мен сұрақтар бойынша білім алушының білімін тексеру, семинар сабақтары және БАОБӨЖ түрінде ауызша және тесттік сұрау, БАӨЖ және БАОБӨЖ орындаған тапсырмаларын бағалау түрінде жүргізіледі.

Рейтингтік бақылау - коллоквиум және тесттік сұрақтар арқылы өткен тақырыптар мен бағдарлама тараулары бойынша білім алушылардың білімін тексеру.

Рейтингтік бақылауға ағымдағы бақылаудың барлық нысаны бойынша барлық тапсырмаларды орындаған және оң баға алған білім алушылар жіберіледі.

Семестрлік рейтинг ағымдағы және рейтингтік бақылаулар бойынша анықталады және ең көбі 60% құрайды.

Семестр ішінде екі аттестация өткізіледі.

Пән бойынша қорытынды бақылау (емтихан) ауызша нысанда жүргізіледі (билеттер бойынша). Білім алушы емтихан бойынша ең көбі 40% ғана ала алады.

Пән бойынша қорытынды баға семестрлік рейтинг баллдарының және білім алушының емтиханда алған баллдарының сомасы бойынша қойылады.

Білім алушылардың білімі, іскерлігі және дағдылары келесідей жүйеде бағаланады:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D-	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

3.13. Пән бойынша емтихан сұрақтары:

1. Идентификациялық белгілердің түсінігі мен жіктелуі. Белгілердің идентификациялық жиынтығы.

2. Адам тістерінің іздері. Оларды бекіту мен алудың ерекшеліктері.

3. Оқытушы ұсынған аяқкиімнің беткейдегі ізінің сипаттамасы.

4. Трасологиядағы диагностикалық және идентификациялық зерттеулер.

5. Кесу іздері, олардың түрлері. Осындай іздердің пайда болу механизміне қарама қарсы және фронтальдық бұрыштардың әсер етуі және оларды анықтау әдістері. Осындай іздерге салыстырмалы зерттеу жүргізу, нәтижесін бағалау.

6. Аяқкиім іздері жолын сипаттау арқылы оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының фрагменті.

7. Аяқкиімнің беткейдегі іздерін бекіту және алу.

8. Пломбалық құрылғылардың түрлері. Индикаторлық пломбаларды қолдану саласы.

9. Оқытушы ұсынған аспалы құлыпты сипаттау.

10. Трасологияның түсінігі мен міндеттері. Трасологияның ғылыми негіздері.
11. Сындыру құралдарының іздері мен олардың жіктелуі.
12. Оқытушы ұсынған аяқкиім ізінің гипстік қалыбын сипаттау.
13. Трасологиялық зерттеудің жалпы әдістемесі: алдын ала зерттеу (түсінігі, міндеттері мен әдістері).
14. Цилиндрлі құлыптарды майыстыру әдістері, цилиндрлі құлыптарды майыстыру белгілері.
15. Оқытушы ұсынған аяқкиімнің көлемді ізін сипаттау.
16. Трасологиялық зерттеудің жіктемесі және олардың міндеттері.
17. Аяқкиім іздері бойынша адамның жынысын, жасы мен бойын анықтау.
18. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу (сипаттау фрагменті; объектілер – металлдағы сырғанау ізі, бұрындағыш /отвертка/).
19. Құлыптардың жіктелуі. Сувальдты құлыптардың құрылымы мен әрекет ету принципі.
20. Трасологиялық зерттеудің жалпы әдістемесі: бөлек зерттеу (түсінігі, міндеттері мен әдістері).
21. Оқытушы ұсынған аяқкиім ізінің гипстік қалыбын сипаттау.
22. Трасологиялық зерттеудің жалпы әдістемесі: зерттеу нәтижелерін бағалау, тұжырымдар.
23. Аяқкиімнің жіктелуі.
24. Оқытушы ұсынған сындыру құралының статикалық ізін сипаттау.
25. Трасологиядағы іздердің түсінігі мен жіктелуі, іздердің пайда болу механизмі.
26. Матадан және қағаздан жасалған заттардың бөліктерін зерттеудің ерекшеліктері.
27. Аяқкиім іздері жолын сипаттау арқылы оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының фрагменті.
28. Трасологиялық іздерді табу, бекіту және алудың жалпы ережелері.
29. Құлыптардың жіктелуі. Цилиндрлі құлыптардың құрылымы және әрекет ету принципі.
30. Оқытушы ұсынған аяқкиімнің беткейдегі іздерін сипаттау.
31. Адамның аяғы мен аяқкиімнің іздері және олардың түрлері.
32. Ағашта және металдан жасалған заттардың бөліктерін зерттеудің ерекшеліктері.
33. Оқытушы ұсынған «Аблой» типіндегі ойып орнатылатын құлып механизмін сипаттау.
34. Аяқкиім іздері белгілерінің идентификациялық белгілері. Аяқкиім іздері бойынша адамды идентификациялаудың ерекшеліктері.
35. Киімнің термиялық зақымдануының сипаттамасы.
36. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу (сипаттау фрагменті; объектілер – металлдағы сырғанау іздері, бұрындағыш /отвертка/).
37. Аяқкиімнің көлемді іздерін бекіту және алу.

38. Сындыру құралдарынан пайда болған іздердің түрлері.
39. Оқытушы ұсынған сұвальдті құлыпты сипаттау.
40. Іздер «жолының» түсінігі және оның криминалистикалық маңызы. Зерттеу мүмкіндігі.
41. Сындыру құралдарының іздерін трасологиялық зерттеу арқылы шешілетін сұрақтар. Сындыру құралдарының іздерін зерттеу әдістемесінің ерекшеліктері.
42. Оқытушы ұсынған цилиндрлі құлыпты сипаттау.
43. Аяқкиім іздерін трасологиялық зерттеу арқылы шешілетін сұрақтар. Аяқкиім іздерін зерттеу әдістемесінің ерекшеліктері.
44. Сындыру құралдарының іздерін бекітудің ерекшеліктері. Зерттеу жүргізу үшін материалдарды дайындау.
45. Оқытушы ұсынған аяқкиімді сипаттау.
46. Киімнің механикалық зақымдануын трасологиялық зерттеу арқылы шешілетін сұрақтар.
47. Сындыру құралдарының статикалық іздерінің жалпы және жеке белгілері.
48. Аяқкиім іздері жолын сипаттау арқылы оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының фрагменті.
49. Адам тісі аппаратының құрылымы. Тістердің іздері бойынша зерттеу кезіндегі эксперимент.
50. Шыны және полимерлерден жасалған заттардың бөліктерін зерттеудің ерекшеліктері.
51. Оқытушы ұсынған аяқкиімді сипаттау.
52. Криминалистикада сындырудың түсінігі. Сындырудың объектілері мен құралдары, олардың жіктелуі.
53. Құлыптардың жіктелуі. Сұвальдты емес (серппелі) және рейкалы механизмді құлыптардың құрылымы мен әрекет ету принципі.
54. Оқытушы ұсынған динамикалық ізді сипаттау.
55. Киімнің зақымдану түрлері. Киімді криминалистикалық зерттеуге дайындау және жолдау.
56. Цилиндрлі құлыптарды сындырудың әдістері, олардың белгілері.
57. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу (сипаттау фрагменті; объектілер – ағаштағы жаншылған статикалық із, балға).
58. Сындыру құралдарының динамикалық іздерінің жалпы және жеке белгілері.
59. Сұвальдты құлыптарды криминалистикалық зерттеу әдістемесінің ерекшеліктері.
60. Оқытушы ұсынған аяқкиімді сипаттау.
61. Шина іздерінің салыстырмалы үлгілерін алу ерекшеліктері және салыстырмалы зерттеу жүргізу.
62. Бекіту-пломбалық құрылғылардың (БПҚ) жіктелуі. Конструктивті ерекшеліктер және «Спрут-универсал» БПҚ құрылғысы.
63. Оқытушы ұсынған динамикалық ізді сипаттау.

64. Трасологияда «бүтіннің» түсінігі және оның түрлері.
65. Сувальдты құлыпты майыстыру әдістері, олардың түрлері.
66. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу (сипаттау фрагменті; объектілер – қағаз парағындағы аяқкиімнің беткейдегі ізі, қонышсыз бәтеңке).
67. Сындыру құралдарының іздерін табу, бекіту және алу.
68. Киім затындағы жыртылу белгілері, пайда болу механизмі.
69. Оқытушы ұсынған аяқкиім ізінің гипстік қалыбын сипаттау.
70. Құлыптарды криминалистикалық зерттеу, зерттеудің осындай түрімен шешілетін сұрақтар.
71. Бекіту-пломбалық құрылғылардың (БПҚ) арналуы және оларды қолдану саласы. Конструктивті ерекшеліктері және «Блок-Гарант» БПҚ құрылғысы.
72. Оқытушы ұсынған сындыру құралының динамикалық ізін сипаттау.
73. Көлік құралдарының іздері және олардың жіктелуі, маңызы. Оларды бекіту мен алудың ерекшеліктері. Зерттеудің мүмкіндіктері. Зерттеу үшін материалдарды дайындау.
74. Жұмыр заттан келтірілген киімнің зақымдануларының сипаттамасы.
75. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу (сипаттау фрагменті; объектілер – ағаштағы жаншылған статикалық із, балға).
76. Киімнің механикалық зақымдану түрлері және олардың қысқаша сипаттамалары.
77. Бүтінді бөліктері арқылы анықтау бойынша зерттеу шешетін сұрақтар. Жүргізу әдістемесі.
78. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу (сипаттау фрагменті; объектілер – металлдағы сырғанау ізі, бұрандағыш /отвертка/).
79. Құлыптардың жіктелуі. Магнитті, кодты және винтті құлыптардың құрылымы және әрекет ету принципі.
80. Түйреп-кесетін және кесетін заттардан келтірілген зақымданулардың белгілері.
81. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу (сипаттау фрагменті; объектілер – қағаз парағындағы аяқкиімнің беткейдегі ізі, қонышсыз бәтеңке).
82. Сувальдты құлыптарды сындыру әдістері, олардың белгілері.
83. «ПК-91о» («ПК-91», «ПК-91м») типіндегі және «Альфа-М» пломбасының арналуы мен конструктивтік ерекшеліктері.
84. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу (сипаттау фрагменті; объектілер – металлдағы сырғанау ізі, бұрындағыш /отвертка/).
85. Келтірілген және жалған кілттерді қолданудың белгілері. Құлыптарды зерттеу кезінде алдын ала зерттеу сатысы.
86. Қорғасынды пломбалардың арналуы және конструктивтік ерекшеліктері, ілу әдістері.

87. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу (сипаттау фрагменті; объектілер – қағаз парағындағы аяқкиімнің беткейдегі ізі, қонышсыз бәтеңке).

88. Цилиндрлі құлыптарды криминалистикалық зерттеу әдістемесінің ерекшеліктері.

89. БПҚ санкциясыз ашудың негізгі әдістері.

90. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу (сипаттау фрагменті; объектілер – металлдағы сырғанау ізі, бұрындағыш /отвертка/).

3.14 Құрастырған: қылмыстарды ашу және тергеп-тексеруді криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының профессоры полиция полковнигі А.Г.Еленюк, криминалистика кафедрасының аға оқытушысы полиция полковнигі Б.С.Телемисов.